

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РК**

**ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА-
СЫН ӘЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ, БЕКІТУ ТӘРТІБІ
МЕН ҚҰРАМЫ**

**ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ, СОГЛАСОВАНИЯ,
УТВЕРЖДЕНИЯ И СОСТАВ ПРОЕКТНОЙ
ДОКУМЕНТАЦИИ НА СТРОИТЕЛЬСТВО**

**ҚР ҚН 1.02-03-2011
СН РК 1.02-03-2011**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

АЛҒЫ СӨЗ

- | | | |
|---|---|---|
| 1 | ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2 | ҰСЫНҒАН | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3 | МІНДЕТТІ НЕГІЗДЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 жылдың 29 желтоқсанындағы № 540 бұйрығымен
01.06.2012 бастап

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің құрылымы бойынша ҚН 1.02 кешеніне енеді. |
| 4 | ОРНЫНА | ҚР ҚНЖЕ 1.02-01-2007* |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

- | | | |
|---|---|--|
| 1 | РАЗРАБОТАН | РГП «КазНИИССА» |
| 2 | ПРЕДСТАВЛЕН | Департаментом научно-технической политики и инор-мирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства. |
| 3 | УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ НА ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ ОСНОВЕ | Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 29 декабря 2011 года № 540 с 01.06.2012.

По структуре государственных нормативов в области архитектуры, градостроительства и строительства СН входит в комплекс 1.02. |
| 4 | ВЗАМЕН | СНиП РК 1.02-01-2007* |

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолдану аясы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	2
5 Жобалық құжаттаманы өңдеу тәртібі	3
6 Жобалық құжаттаманы келісу тәртібі	5
7 Жобалық құжаттаманы бекіту тәртібі	6
8 Объектілерді жобалаудағы арнайы техникалық жағдайларды (АТЖ құжаты – ерекше нормалар) әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі	7
9 Екі сатылы жобалау кезіндегі жобалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны	10
10 Бір сатылы жобалау кезіндегі жобалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны	23
11 Құрылыс мерзімі 3 жылдан асатын күрделі техникалық объектілерді жобалау және әзірлеудің арнайы тәртібі	26
12 Жобалық құжаттаманың құрамына кірмейтін құжаттама (ілеспелі материалдар).....	27
А қосымшасы (<i>міндетті</i>) Негізгі ұғымдар (терминдер, анықтамалар)	28
Б қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалауға тапсырма	35
В қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Тұрғын-азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалауға тапсырыс	37
Г қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысының жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық- экономикалық көрсеткіштердің шамамен алғандағы тізімі	39
Д қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Қоғамдық ғимараттардың (азаматтық мақсаттағы объектілердің) құрылысының жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шамамен алғандағы тізімі	40
Е қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Тұрғын ғимараттардың құрылысы жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шамамен алғандағы тізімі	41
Ж қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Автомобиль жолдарының құрылысы жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шамамен алғандағы тізімі	42
Ж1 қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Көшелердің құрылысы жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шамамен алғандағы тізімі.....	44
Ж2 қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Темір жол желілерінің құрылысы жобасына (жұмыс жобасына) енгізіліп, бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіш- тердің шамамен алғандағы тізімі.....	45
И қосымшасы (<i>ақпаратты</i>) Объектілер құрылысындағы жобалар (жұмыс жобаларының) төлқұжатының нысандары	46
К қосымшасы (<i>міндетті</i>) Негізгі материалдар, бұйымдар, конструкциялар және жабдықтың жиынтық ведомосы.....	53

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Құрылыстың жобалық құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі мен құрамы» құрылыс нормасы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілер негізінде, сонымен қатар техникалық реттеу қағидаттарын есепке ала отырып, адам денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғауға, болатын қауіп-қатердің және тағы басқа да құрылыстағы инвестицияланған процестің жобалау сатысында қарастырылатын мәселелерді қамтитын әрі талаптарды енгізуге негізделген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтері саласының нормативтік-техникалық құжаттамасын жетілдіру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, экономикасы дамыған шет елдердің тәжірибесін зерттеу негізінде қайта өңделіп жазылды.

Мемлекеттік нормативтерді қайта өңдеу және өзгертулер мен толықтыруларды енгізу қажеттілігі, жалпы Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы техникалық реттеу жүйесі реформасымен, сонымен қатар қазіргі таңда тәжірибе жүзінде туындайтын объектілерді салуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту сияқты ерекше мәселелерді реттеу, жекелеген нормативтік ережелерді тәртіпке келтірудің объективті факторларымен уағдаластырылған.

ҚР ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫН
ӘЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ, БЕКІТУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰРАМЫ**

Енгізілген күні – 2012-06-01

1 Қолдану аясы

1.1 Осы құрылыс нормалары жобалық құрылысқа арналған жаңа құрылыстарды салу және (немесе) құрылыстағы объектілерді өзгертуді (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қалпына келтіру және күрделі жөндеуден өткізуді) қосқанда, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттаманың (бұдан әрі – жобалық құжаттаманың) құрамы мен оны әзірлеу, келісу, бекіту, тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтерінің барлық субъектілерінің, соның ішінде мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалардың, шетелдіктердің, шет ел заңды тұлғаларының қолданылуына арналған.

Қазақстан Республикасының Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасында қарастырылмаған өзге де шаралар болмаса, белгіленген тәртіпте жобалау құжаттамасында бекітілмеген объектілер мен олардың кешендерін салу (реконструкция, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеуден өткізу), сонымен қатар коммуникацияларды тарту, аумақты инженерлік даярлау, абаттандыру және көгалдандыру рұқсат етілмейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары жеке ережелерді есепке алмағанда, жобалау құжаттамалардың түрлеріне жалпы болып табылатын келесі құжаттарды әзірлеу, келісу, бекітуге және оның құрамы мен мазмұнына қарай:

- жоба алдындағы құжаттамаларына (соның ішінде техникалық-экономикалық негіздемелерге);
- қала құрылысы жобаларына;
- үй-жай түріндегі аз қабатты тұрғын үйлер құрылысының жобалары (жеке тұрғын үй құрылыс объектілері), сондай-ақ көпқабатты тұрғын ғимараттар мен оның бөлігінің, пәтерлері мен басқа да жеке тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын қайта жоспарлау (реконструкция, қайта жабдықтау);
- типтік жобалар, жеке типтік жобалық шешімдері (типтік құрылыс конструкциялары, бұйымдары, тораптары);
- эксперименттік жобалар (эксперименттік құрылыс салудың жобалық құжаттамасы);
- Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде объектілерді салуға арналған жобалық құжаттама;
- Қазақстан Республикасының қатысуымен жасалған мемлекетаралық (халықаралық) жобаларға таралмайды.

Осы тармақта тізбеленген жобалау құжаттамаларын әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу және бекіту тәртіптері сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы басқа да нормативтік құжаттарда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы халықаралық шарттарымен анықталады.

1.3 Өнертабыстарды немесе басқа да авторлық құқық объектілерін қолдану, сонымен қатар жобалау (жобалық құжаттаманы әзірлеу және келісу) процесі барысында пайда болған авторлық құқықты немесе әзірлеушілердің басқа құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы құрылыс нормаларды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативті құжаттар қажет: Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім).

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-II Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III Заңы;

«Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техникалық-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы № 918 Қаулысы;

«Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы № 918 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1656 Қаулысы;

ҚР ҚН 1.01-01-2011 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер».

ҚР ҚН 8.02-02-2002 «Қазақстан Республикасындағы құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі».

ЕСКЕРТПЕ

Осы құрылыс нормаларын пайдалану кезінде сілтемелік құжаттардың ағымдағы жылғы ахуалы бойынша жыл сайын құрастырылатын және ағымдағы жылда жарияланған көрсеткіштерге ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттардың тізімінің», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының көрсеткішінің» және «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттарының көрсеткішінің» сәйкестігін тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай, алынып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құрылыс нормаларында А қосымшасында келтірілген терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылады.

4 Жалпы ережелер

4.1 Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу және бекіту (қайта бекіту) кезінде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамалық және басқа да құқықтық нормативтік актілерді, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерді, сонымен қатар осы құрылыс нормасын басшылыққа алу қажет.

Жоба құжаттамасы адамның толыққанды тіршілік ету ортасын қалыптастыруға, жоба-

ланатын объектілердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, инвестиция тиімділігіне, материалдық-техникалық және еңбек шығындарын оңтайландыруға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған талаптарға сай болуы тиіс.

4.2 Жобалау кезеңдері нормативтік талаптарға сәйкес, құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын (жобалау тапсырмасын) әзірлеу тапсырмасымен бекітіледі.

4.2.1 Нормативтік құрылыс ұзақтығы 24 айдан асатын тұрғын-үй азаматтық және өндірістік мақсаттағы ірі объектілер (ғимараттар, құрылыстар, кешендер, көлік және инженерлік коммуникациялар, басқа да тіршілікті қамтамасыз ету объектілері) бойынша жобалау барысында бастапқы берілген параметрлерді, сипаттамалары, құрылымдық сызбаларды, немесе жеке көлемдік-жоспарлық, инженерлік-техникалық және технологиялық жобалық шешімдерді дәлдеуді және нақтылауды қажет ететін құжаттама екі сатыда әзірленеді:

Бірінші сатысы – жоба алдыңғы көрсеткіштер мен қорытындылардың негізінде ереже бойынша, әзірленген және белгіленген заңнама тәртібінде бекітілуге жататын жоба (Ж);

Екінші сатысы – бірінші сатыда бекітілген, жоба негізінде әзірленген жұмыс құжаттамасы (ЖЖ);

Мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді көтеретін ең маңызды объектілер құрылысына қатысты және мемлекеттік инвестициялардың қатысуымен іске асырылатын жоба бойынша жобалау құжаттамасы екі сатыда әзірленеді.

4.2.2 Нормативтік құрылыс ұзақтығы 24 айға дейінгі және ұзақ мерзімді жобалауды талап етпейтін тұрғын-үй азаматтық және өндірістік мақсаттағы (ғимараттар, құрылыстар, кешендер, коммуникациялар) объектілердің құрылысына арналған жобалау құжаттамасы бір сатыда – белгіленген заңнама тәртібінде бекітуге жататын жұмыс жобасы (ЖЖ) әзірленеді.

Осы нормаларда қарастырылмаған жоба құжаттамасы бір сатыда әзірленеді:

- Құрылысы қолданыстағы типтік жобалардың (типтік жобаны байланыстыру кезінде) негізінде немесе жеке типтік шешімдерді (типтік құрылыс конструкцияларды, бұйымдарды, тораптарды) қолдану арқылы іске асырылуы көзделген объектілер бойынша;

- құрылыста қайталама немесе бірнеше рет қолдану үшін (жеке жобаны байланыстыру кезінде) бұрын әзірленген жеке жобаны рәсімдеу кезінде;

- қолданыстағы объектілерді қайта жаңарту (жетілдіру, техникалық қайта жарактандыру, күрделі жөндеуден өткізу) бойынша жүргізіледі.

4.3 Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарына сәйкес жоба құжаттамасын әзірлеу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар.

5 Жобалық құжаттаманы өңдеу тәртібі

5.1 Жобалық құжаттаманы әзірлеуді (жобалауды) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ізденіс және жобалау қызмет түрлеріне (түршелеріне) сәйкес лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыра алады.

5.2 Жобалау құжаттамасын әзірлеу:

- белгіленген заңнама тәртібі бойынша құрылыстың тапсырыс берушісі мен орындаушысы (мердігермен, бас жобалаушымен) арасындағы жобалау (жобалау-іздістіру) жұмысын (бұдан әрі - Шарт) орындауға мердігерлік (келісімшарт) жасау негізінде;

- Б және В қосымшаларына сәйкес құрастырылып, осы нормалар мен құрылыстың тапсырыс берушілері бекітетін жобалауға арналған тапсырманың негізінде іске асырылады.

5.3 Шартта міндетті түрде:

- орындаушының (бас жобалаушының) қосалқы мердігер шарты бойынша басқа тұлғаларға орындауды табыстауды көздеген немесе ондай ниеті болмаған жағдайда, жұмыстың (қызметтің) түрлері мен көлемдері көрсетіледі. Бұл ретте, берілген тапсырыс бойынша барлық

ҚР ҚН 1.02-03-2011

жобалау (жобалау-іздігі) жұмыстарының жалпы құнының Шартта қарастырылған, үштен екісінен асатын жиынтығын беруге рұқсат етілмейді;

- авторлық қадағалауды жүргізу шарттары немесе оның қажеттілігінің болмауы көрсетіледі.

5.4 Жобалау тапсырмасы тапсырыс берушімен немесе оның өкілетті тұлғасымен (құрылыс салушысымен) бекітіледі.

Жобалау тапсырмасы тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша орындаушымен (мердігермен, бас жобалаушымен) әзірленуі мүмкін және ол тапсырыс беруші бекіткен уақыттан бастап барлық тараптар үшін міндетті болып табылады.

Бекітілген жобалау тапсырмасы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

5.5 Тапсырыс беруші мердігерлік жобалау ұйымына (бас жобалаушыға) жобалау тапсырмасымен бірге жобалау құжаттамасын әзірлеуге қажетті бастапқы материалдарды (деректерді) береді. Бастапқы материалдар мыналардан тұрады:

- жер телімдеріне, соның ішінде аумақты оның шегі және объектінің мақсатына қарай қолдану регламенттерін қоса алып, сәйкес құқықты беру туралы аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы органдардың шешімі;

- құрылыс алаңының инженерлік ізденістері туралы деректер (жер телімдерінің және коммуникация салынған трассалардың шегіндегі), жобалауға және құрылысқа қажетті топографиялық деректердің түсірілімдері мен геологиялық және гидрогеологиялық ізденістердің мәліметтерін қоса алғанда;

- жергілікті атқарушы органдардың болжамдалған аймақта құрылыс салудың тапсырысы бойынша, инженерлік және коммуналдық қамсыздандыру қызметтерінің жеткізушілері берген инженерлік және коммуналдық қамсыздандыру көздеріне қосылуға арналған техникалық шарттар;

- сәулет, қала құрылысы жөніндегі жергілікті (қалалық, аудандық) органдардың берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы, аумақты инженерлік даярлау, абаттандыру және көгалдандыруды қосқанда.

5.6 Объект бойынша жоспар алдыңғы құжаттарды әзірлеу талап етілмесе, қажет болған жағдайда жобалау тапсырмасымен жобалау ұсынымдарының оңтайлы шешімді дұрыс таңдауды талап ететін нұсқаларын (нобайлар, сызбалар, есептер, негіздемелер) әзірлеу қарастырылуы мүмкін.

5.7 Аталған объект бойынша жобалау құжаттамасын әзірлеу (келісу, бекіту) үрдісіне, бекітілген жоба алдыңғы құжаттамасы (техникалық-экономикалық негіздемесі және т.б) бар болған жағдайда сәйкестендірілген негіздемесіз құрылыстың есептік құнын ұлғайтуға, сонымен қатар жоба алдыңғы сатыда қол жеткізген объектінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін төмендетуге болмайды.

5.8 Құрылысқа арналған жобалау құжатын әзірлеу үдерісін, бекітілген қала құрылыстық жобаларда (елді мекеннің бас жобаларында, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында, құрылыс салу жобаларында) қабылданған жалпы жоспарлау және көлемдік-кеңістіктік шешімдері талданып тексеріледі, жобаланатын объектілер үшін берілген параметрлері, сипаттамалары, техникалық және технологиялық шешімдері анықталады.

5.9 Әзірленген жобалау құжаттамасында міндетті мемлекеттік нормативтердің талаптарынан (шарттары мен шектеулерінен) негізделген ауытқулар (шегіністер) осы нормативтерді бекітіп, қолданысқа енгізген мемлекеттік органдардың (немесе олардың мирасқорларының) жазбаша келісімдері (рұқсатнамалары) болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Нормативтерді бекіткен органға келісімдерді ұсынардың алдында, мүдделі органдардан міндетті мемлекеттік талаптардан ауытқу (шегіну) бойынша алдын-ала келісін алу қажет.

Міндетті мемлекеттік нормативтер талаптарынан ауытқудың (ауытқуға рұқсатнама)

келісуін дәлелдейтін құжатта жобалау объектісі, оның мақсаты, берілген параметрлері (қуаты, сыйымдылығы, өткізгіштік қабілеті және жобаланатын объектіні сипаттайтын басқа да негізгі көрсеткіштері), жоспар бойынша орналасу орны, нормативтік шешімдердің орнына қолданылатын альтернативті жобалау шешімдері, сонымен қатар белгіленген нормалардан ауытқудың (ауытқуға берілген рұқсаты) деректерін келісу туралы шешім қабылданған негіздеме (құжаттық дәлелдемелер – сәйкестендіру сертификаттары, сынақ хаттамалары, сараптама қорытындылары, ҒТК Өкілетті органының қаулылары және т.б.) көрсетіледі.

5.10 Жобалау құжаттамасының графикалық материалдарының (негізгі сызбаларының) әрбір бөлімдері (маркасы) бойынша «Жалпы деректер» парақтарында жобаның бас инженерінің (жобаның бас сәулетшісінің) қолы қойылған жобаның (Ж) жоба жұмысының (ЖЖ) мемлекеттік нормативтік талаптарға (Қазақстан Республикасында қолданыстағы мемлекеттік нормативтер мен (немесе) мемлекетаралық нормативтерге) сай келетіндігі туралы жазу болуы қажет.

Жалпы түсініктеме жазбахатының титул парағында жобалау (бас жобалау) ұйым басшысының, жобаның бас инженерінің (жобаның бас сәулетшісінің) және жобалық құжаттаманың (жобаның, жұмыс жобасының) әр бөлімнің (маркасының) жауапты орындаушысының қолдары болуы тиіс.

Көрсетілген жазбалар, құрылысқа арналған жобалау құжаттамасы жүйесінің стандартына (бұдан әрі – ҚЖҚЖ) сәйкес рәсімделеді.

5.11 Жобалау құжаттамасының материалдарында күші жойылған типтік жобалар немесе типтік жобалау шешімдеріне (типтік құрылыс конструкцияларына, бұйымдарына, тораптарына) сілтеме жасауға рұқсат етілмейді.

5.12 Дайындалған жобалау құжаттамасына жобалау басталған уақыттан кейін қолданысқа енгізілген (күшіне енген) жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтердің нормаларының және ережелерінің Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаған басқа да жағдайлар болмаса қатысы болмайды.

Жобалау жұмыстарының басы болып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекsinде көзделген мердігерліктің ерекшелігіне сәйкес тапсырыс беруші мен орындаушының арасында жасалған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған келісім-шарттың күшіне ену күні саналады.

Бұл ретте тапсырыс беруші мердігерге бекітілген жобалауға арналған тапсырманы, сонымен қатар басқа да жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға арналған бастапқы мәліметтерді беруі қажет.

5.13 Қолданысқа енгізілген жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік немесе мемлекетаралық нормативтер, тапсырыс берушінің басты мақсаттарынан бас тартуға негіздемесі болмаған жағдайда, жобалау үдерісіне бас жоба әзірлеушінің шешімі мен келісімі бойынша, нормативтік талаптардың өзгерістеріне байланысты жобалау құжаттамасына уақытылы түзетілімдер енгізу шаралары жүргізілуі мүмкін.

6 Жобалық құжаттаманы келісу тәртібі

6.1 Осы құрылыс нормасының 5.10 тармағында қарастырылған жобаның (Ж) немесе жұмыс жобасының (ЖЖ) мемлекеттік (Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы мемлекетаралық) нормативтер талаптарына сәйкестігі туралы жобаның бас инженерінің (жобаның бас сәулетшісінің) жазбасы бар әзірленген жобалау құжаттама бойынша Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайлардан өзге, мемлекеттік органдар немесе басқа да инстанциялармен қосымша келісім жасасу көзделмеген.

6.2 Заңда ерекше ескертілген жағдайда, арнайы мақсаттағы объектілер құрылысы үшін

ҚР ҚН 1.02-03-2011

дайындалған жобалау құжаттамасына, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының қосымша келісімі бойынша сәйкестендірілген талаптары белгіленуі мүмкін.

6.3 Егер қолданыстағы объектілерді қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға немесе күрделі жөндеуге арналған жобалау құжаттамасы қосымша жер телімдерін бөлуді (аумақты кесіп алуды), көлік және коммуникация байланыстарын өзгертуді талап етпеген жағдайда, бастапқыда негізі салынған сәулеттік-көркемдік, инженерлік-техникалық, өртке, жарылысқа қарсы және санитарлық сапаларын, сондай-ақ қоршаған ортаның күйін нашарлатпаған жағдайда, мемлекеттік қадағалау органдары мен басқа да мамандандырылған ұйымдармен қосымша келісім жүргізілмейді.

7 Жобалық құжаттаманы бекіту тәртібі

7.1 Жобалау құжаттамасын әзірлеу оны заңнамамен белгіленген тәртіппен бекітілген соң аяқталды деп есептеледі.

7.2 Белгіленген тәртіпке сай міндетті келісулерден өткен жобалау құжаттамасын бекіткенге дейін, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңда басқасы ұйғарылмаса, оған сараптама жүргізіледі.

Сараптама Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпке сай жүргізіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзінің ерекше құзіретіне жатқызылған объектілерге міндетті мемлекеттік сараптаманы Қазақстан Республикасының өкілетті заңды тұлғасы іске асырады.

Жобалау мен құрылысы сатылы түрде жүргізілуі ұйғарылған объектілер мен кешендерге мемлекеттік сараптама сәйкестендірілген кезеңдермен іске асырылуы мүмкін (сараптамалық сүйемелдеу).

Сараптамалық сүйемелдеуді іске асыру тәртібі Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі өкілетті органдар бекіткен мемлекеттік нормативтермен анықталады.

Әр кезеңдегі құжаттар жиынтығының сараптамалық сүйемелдеу режимінде жасалған жергілікті қорытындыларда мемлекеттік сараптама ескертулерінің болмауы, тапсырыс беруші үшін жобаның осы бөлігін аралық бекітуге және құрылысты бастауға немесе жалғастыруға негіз болып табылады.

Сараптамалық жұмыс нарығының субъектілері мемлекеттік сараптаманың ерекше құзіретіне жатқызылмаған жобалардың сараптамасын жүргізе алады.

7.3 Міндетті сараптамадан (мемлекеттік сараптамадан) өтуге тиіс, алайда одан белгіленген тәртіп бойынша өтпеген құрылыстың жобалау құжаттамасы аяқталмаған деп саналып, бекітілуге жатқызылмайды және әрі қарай іске асырылмайды.

7.4 Объекті құрылысына арналған жобалау құжаттамасы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған уақыттан үш айдан аспайтын мерзімнің ішінде бекітуге ұсынылуы тиіс.

7.5 Жобалау, сәулет-жоспарлау тапсырмаларына, басқа да бастапқы материалдар мен техникалық шарттарға сәйкес, сараптаманың (мемлекеттік сараптаманың) оң қорытындысының негізінде әзірленген және бекітілген жобалау құжаттамасы заңнамада белгіленген тәртіп бойынша және мемлекеттік нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес бекітілуге жатқызылады.

Бұл ретте, бекітуге:

- бір сатылы жобалау кезінде – жұмыс жобасы (ЖЖ);

- екі сатылы жобалау кезінде – бірінші сатыда әзірленетін (Ж) жоба. Екінші сатыда дайындалған жұмыс құжаттамасы (ЖҚ) сараптамадан өтпейді және оны тапсырыс беруші бекітеді.

7.6 Мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыланатын құрылыс объектілері бойынша

немесе олардың қатысуымен жобалау құжаттамасын бекіту (қайта бекіту) сәйкестендірілген мемлекеттік органның бұйрығымен немесе басқа да уәкілетті заңды тұлғаның мемлекеттік нормативтегі Г, Д, Е және Ж қосымшаларына сәйкес негізгі бекітілетін техникалық-экономикалық көрсеткіштері, соның ішінде құрылыстың 2001 жылғы базалық бағалар деңгейіндегі құны ұлттық және (немесе) шетел валютасы көрсетіліп, жүргізіледі.

Құрылыстың бастапқыда бекітілген сметалық (есептік) құнының өсуіне байланысты жобаны түзету және оны қайта бекіту тек бюджеттік комиссияның сәйкес шешімі бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Қаржыландырудың басқа көздері арқылы іске асырылатын құрылыстың жобалау құжаттамасын бекіту тапсырыс берушінің (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің) шешімімен, бекітілген негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері көрсетіліп, іске асырылады.

7.7 Мемлекеттік инвестициялар немесе олардың қатысуы есебінен қаржыланатын құрылыс объектілері бойынша жобалау құжаттамалардың жалпы бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

7.8 Егер құрылыс басталғанға дейін немесе құрылыстың барысында объектілердің көлемдік-жоспарлау, инженерлік-техникалық немесе технологиялық жобалау шешімдеріне, сондай-ақ бастапқы жобаның құнды және басқа да бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштерін өзгертетін басқа да негізгі факторлардың әсерінен, объектінің құрылымдық сызбасына әсер ететін түбегейлі сипаттағы оның жобалау құжаттамасына өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілетін болса бұрын бекітілген жобалау құжаттамасы қайта бекітілуге жатады.

7.9 Құрылыс барысында жобалау құжаттамасын түзету және қайта бекіту қажеттілігі туындаған жағдайда, құрылыстың ахуалы туралы мағлұматтар мен орындалған жұмыстар актілерінің көшірмесі бекіту инстанциясына берілетін құжаттардың құрамына енгізіледі.

7.10 Объектілер құрылысында жобалау құжаттамасын қайта бекіту Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі жөніндегі заңнамасына сәйкес белгіленген мемлекеттік нормативтер талаптарының шешілуге мүмкіндігі бар өзгерістерін есепке ала отырып, жаңадан белгіленіп, бекітілетін жобалау құжаттамасы (жобалар, жұмыс жобалары) тәртібінде іске асырылады.

7.11 Заңнамаға және осы мемлекеттік нормативке сәйкес әзірленген және бекітілген жобалау құжаттама-сы оның бекітілген уақытынан бастап үш жылдың (36 айдың) ішінде жарамды болып табылады.

Құрылыс жобасының әзірлеуі аяқталғаннан кейін үш және одан көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген деп саналады және құжаттаманы қайтадан қолданыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес келтіргеннен кейін ғана іске асырып, белгіленген заңнама тәртібінде пайдалануға болады.

8 Объектілерді жобалаудағы арнайы техникалық жағдайларды (АТЖ құжаты - ерекше нормалар) әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі

8.1 Белгіленген көлемі, есептік қуаттылығы, технологиялық процестері, қызметтік мақсаттылығы, сондай-ақ басқа да Қазақстан Республикасында бекітілмеген нормалар бойынша (Қазақстан Республикасындағы қолданудағы мемлекеттік нормативтер немесе мемлекетаралық нормативтер) ерекше шарттарға сәйкес өзіндік параметрлері бар объектілерді жобалауда тапсырыс беруші ғылыми-зерттеу және (немесе) арнайы ұйымдардың қатысуымен, осы объектіні жобалау мен салуда жоқ нормативтерді ауыстыратын арнайы техникалық жағдайларды (АТЖ құжаты – ерекше нормалар) қалыптастырады.

ҚР ҚН 1.02-03-2011

Көрсетілген арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар):

- шарттардың құрылуына себеп болған берілген объектінің өзіндік ерекшеліктері және жобалау тапсырмасына сай мақсаттар мен тапсырмалардың ерекшеліктерін ескеретін көлемдік-жоспарлау, конструктивті және (немесе) инженерлік-техникалық шешімдер бойынша арнайы талаптарды (ұсыныстар) көрсетуі керек;

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдар мен басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісуі қажет;

- тиісті құрылысқа тапсырыс берушімен бекітілуі керек;

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдар-дың осы арнайы техникалық жағдайларды келісу шешімінде басқа объект көрсетілмесе, тек қана берілген объектіге ғана қатысы бар.

8.2 АТЖ-да міндетті мемлекеттік нормативтердің сақталуына бағытталған есептік, конструктивтік және басқа да шаралардың негізделуі, сонымен қатар ерекше жағдайларда міндетті нормалық шарттардың орындалмауын өтейтін шаралар белгіленуі керек.

8.3 АТЖ-дың мазмұнында міндетті мемлекеттік нормативтерге сәйкестікті негіздейтін рәсімдер, сонымен бірге өтейтін шаралардың жеткіліктілігі мен тиімділігі (есептеулер, тәжірибелік зерттеулер мен заттай сынақтардың нәтижелері және т.б.) болуы қажет.

8.4 АТЖ тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасына сай қалыптастырылады.

Техникалық тапсырмада АТЖ-ды құру қажеттілігінің қысқаша негіздемесі, қолданудағы құрылыс нормаларына сай объектілердің жауапкершілік деңгейі жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ АТЖ-да құруға қажет басқа да, оның ішінде өрт және сейсмикалық қауіпсіздікке байланысты талаптар келтірілуі керек.

8.5 АТЖ-ды қалыптастырудан бұрын объектінің принципіальды техникалық шешімдері анықталуы керек (оның ішінде көлемдік-жоспарлау және конструктивті шешімдер, қолданылатын материалдар мен бұйымдар), сонымен қатар белгілі бағыттар бойынша жетіспейтін немесе жоқ нормалар мен нормативтік тәртіптерді құруға негіз болатын қолда бар нормативтік базаны талдау қажет. Принципіальды техникалық шешімдер жалпы объектіге қатысты, оның бөліктері немесе құрылымдар және инженерлік жүйелердің жеке түрлеріне қатысты белгіленуі мүмкін.

8.6 Арнайы техникалық жағдайлардың құрамы:

- негізгі ережелері (объектінің аталуы мен мекен-жайы, құрылыстың негізделуі, тапсырыс беруші (инвестор), басты жобалау ұйымы және АТЖ-ды қалыптастырушы жөнінде мағлұмат, жалпы объект мен оның маңызды бөліктерінің сипаттамасы, құрылыс алаңы мен объектінің көлемдік-жоспарлау және конструктивті шешімдерінің қысқаша мінездемесі, жобалаудың негізгі қағидалары);

- АТЖ әзірлеу қажеттілігінің егжей-тегжейлі негіздемесі және осы нақты объектіге жетіспейтін нормативтік талаптар;

- қосымша талаптардың тізімі немесе қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын мәжбүрлі түрде орындамайтын жағдайлардың тізімі, онда осы қажеттіліктің негіздемесі келтіріліп, орындалмайтын жағдайларды өтейтін шаралардың тізімі беріледі;

- есептік жүктемелер (жүктемелер мен есептеу әдістемелерін анықтаудың негіздемелері мен ұсыныстары, есептеулер);

- конструктивті және инженерлік-техникалық шешімдер, бас жоспар, сәулеттік шешімдер мен жобаның басқа бөлімдері бойынша талаптар (конструктивті шешімдерді талдау, жобалаудың негізгі қағидалары, ұсынылатын конструктивтік шешімдер, негізгі сызбалар және т.б.);

- қосымша (түсініктеме жазбахат, есептердің нәтижелері, тәжірибелік зерттеулер мен заттай сынақтардың нәтижелері және т.б.).

ЕСКЕРТПЕ

Арнайы техникалық жағдайлардың құрамы тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында анықталуы мүмкін.

8.7 АТЖ-ға келісу мәселесін қарастыру үшін құрылысқа тапсырыс беруші сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органға келесі құжаттарды (бұдан әрі - Құжаттама) өткізуі тиіс:

- Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның басшысының атына АТЖ-ды қарастыру жөнінде ерікті түрде жазылған, басшының немесе оның қызметін атқарушының қолы қойылып, ұйымның мөрімен бекітілген тапсырыс берушінің арызы;

- АТЖ-ды қалыптастыру қажеттілігі, қабылданған жобалық шешімдер, өтейтін іс-шаралар (қолданыстағы нормаларды орындамау туралы шешімдер қабылданған жағдайда) жөніндегі ақпарат берілген түсіндірме хат;

- қажет жағдайда мүдделі мемлекеттік органдардың АТЖ-мен келісуі туралы ақпарат;

- АТЖ-ды қалыптастырушының лауазымды тұлғалары қол қойған және тапсырыс берушінің басшысымен немесе оның қызметін атқарушы тұлғамен бекітілген жобаның 2 да-насы;

- тапсырыс берушінің басшысымен немесе оның қызметін атқарушы тұлғамен расталған АТЖ-ды құруға берілген техникалық тапсырманың көшірмесі, сонымен қатар сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның талабы бойынша басқа да материалдар;

8.8 Құжаттаманы қарастыру және қорытынды дайындау үшін тиісті мамандар тартылуы мүмкін. Ғылыми-техникалық сараптама жүргізуге жобалық құжаттаманы дайындауға қатысқан ұйым немесе мамандар, олардың үлестес тұлғалары, сондай-ақ мемлекеттік сараптама жүргізетін ұйымдар мен осы ұйымдарда қызмет ететін мемлекеттік сарапшылар қатыстырылмайды.

8.9 АТЖ-ға келісу немесе келіспеу жөніндегі шешімді Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган белгіленген мерзім ішінде қабылдайды.

8.10 АТЖ-ға келіспеуге негіз болған себептерді жою үшін Құжаттама келісуге жалпы тәртіп бойынша қайта берілуі мүмкін.

8.11 Бұрын бекітілген АТЖ-ға өзгерістер енгізудің қажеттілігі туындаған жағдайда, құрылысқа тапсырыс беруші сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органға жалпы тәртіп бойынша тиісті Құжаттама тапсырады. Өзгертілген АТЖ-ға келісім берілген жағдайда бұрын бекітілген АТЖ жаңа АТЖ-ға келісім беру туралы шешім қабылданған күннен бастап өз күшін жояды.

8.12 Жобалық Құжаттамада әр бөлімнің (марканың) графикалық материалдардың (басты сызбалар) «Жалпы мәліметтер» беттерінде жобаның бас инженері (жобаның бас сәулетшісі) қол қойған жобаның (Ж) немесе жұмыс жобасының (ЖЖ) арнайы техникалық шарттарға (ерекше нормаларға) сәйкестігі туралы жазба болуы керек. Қажет болған жағдайда жобаның (жұмыс жобасының) тиісті бөлімдерінің тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы, өртке қарсы қызметтің, қоршаған ортаны қорғау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, өнеркәсіпте қауіпсіз жұмыс істеу және таудағы жағдайларды қадағалауда, сонымен қатар мемлекеттік жол полициясы (инспекциясы), азаматтық қорғаныс салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісімдер көрсетілуі керек.

8.13 Арнайы техникалық жағдайларға (ерекше нормаларға) сәйкес әзірленген және осы нормативтік құжаттаманың 8.12 п. сәйкес рәсімделген жобалау құжаттамасы мүдделі мемлекеттік органдармен қосымша келісілмейді.

9 Екі сатылы жобалау кезіндегі жобалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны

9.1 Өндірістік мақсаттағы объектілердің (бөлек ғимараттар, құрылыстар немесе олардың кешендерінен, инженерлік және көлік коммуникацияларынан құрылған кәсіпорындардың) жобалау құжаттамасының жоба сатысы (Ж) құрамындағы жобалау құжаттамасы келесі бөлімдерден тұрады:

- жобаның төлқұжаты (9.3.1);
- жобаның энергетикалық төлқұжаты (9.3.2 жобалау тапсырмасына сәйкес);
- жалпы түсініктемелік жазбахат (9.3.3);
- объектінің бас жоспары және көлікті ұйымдастыру (9.3.4);
- аумақтарды инженерлік қорғау (9.3.5);
- технологиялық шешімдер (9.3.6);
- өндірісті, кәсіпорынды басқару, жұмыскерлерге еңбек етуге жағдай жасау және оны қорғау ұйымдары (9.3.7);
- сәулет-құрылыс шешімдері (9.3.8);
- инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар (9.3.9);
- азаматтық қорғаныс бойынша инженерлік-техникалық іс-шаралар мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу шаралары (9.3.10);
- ҚР ҚНЖЕ 3.02-05-2010 1-ші міндетті қосымшасына сәйкес ғимарат және имараттарды барлау автоматтандырылған жүйесі;
- аса маңызды объектілер үшін үлкен аралық құрылыстардың және биік ғимараттардың, оның кешендерінің кешендік қауіпсіздігі мен лаңкестіктен қорғауды қамтамасыз ету жүйелері (9.3.11);
- құрылысты жобалау тапсырмасында анықталған көлемді ұйымдастыру (9.3.12);
- қоршаған ортаны қорғау (9.3.13);
- сметалық құжаттама (9.3.14);
- инвестицияның тиімділігі (жобалау тапсырмасында анықталған жағдайларға сәйкес) мен техникалық-экономикалық көрсеткіштері (9.3.15);
- қазақстандық мазмұнды есепке ала отырып К қосымшаға сәйкес қорытынды жасалған және тапсырма берушімен бекітілген негізгі құрылыс материалдары, өнімдері және қондырғылары қажеттілігінің жиынтық ведомосы.

9.2 Өндірістік объектіні (кешенді) жобалау кезінде оны негізгі кәсіпорынның мұқтаждығына қажет өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар мен құрылыс құрамын қосқанда, жобалау құжаттамасының құрамынан осы тұрғын-азаматтық және өзге де өндірістік емес мақсаттағы объектілер құрылысы үшін басқа жоба бөлініп жасалады, ол кәсіпорынға қатысты жалпы техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен үйлестіріліп, осы құрылыс нормасының 9.3.4-тармағына және ҚР ҚН 3.01-07-2011 «Қазақстан Республикасының қала құрылысы жобасының құрамы, және әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы Нұсқаулыққа» сәйкес әзірленеді.

9.3 Өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысындағы жобаның бөлімдері мынадан тұрады:

9.3.1 Жоба төлқұжаты жобаланатын объектінің ерекшелігі мен мақсатын қысқаша сипаттайтын, негізгі параметрлері, сипаттамалары мен техникалық-экономикалық көрсеткіштері көрсетілген ақпаратты жинақтау арқылы құрастырылады.

9.3.2 Жобаның энергетикалық паспорты техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталған объектілердің энергетикалық сипаттамалары туралы ақпарат түрінде, соның ішінде энергияны үнемдеу және энергияны тұтыну жөніндегі деректерден, сондай-ақ ғимараттардың қоршау конструкцияларының жылу қорғанысы бойынша есептерден тұрады.

9.3.3 Жазбахатқа жалпы түсініктеме:

- жобаны әзірлеуге негіздеме (негіздемені құратын құжаттардың тізімі) - жобалауға арналған бастапқы деректер, құрылыс аймағының жағдайы, қоршаған аумақтың пайдаланымдағы және жоспарланған (бағдарланған) инфрақұрылымы туралы мәліметтер;

- жобалау шешімдеріне жүргізілген келісімдер туралы мәліметтер, әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының мемлекеттік нормаларға, ережелерге, стандарттарға, сәулеттік-жоспарлау тапсырмасына, бастапқы деректерге, сондай-ақ объектінің (орналасқан жерін) орналастыруын келіскен кезде мемлекеттік қадағалау органының (бақылау) басқа да уәкілетті ұйымдардың және лауазымды тұлғалары берген техникалық шарттары мен талаптарына сәйкестігі, сәйкестендірілген мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіпте рәсімделген қолданыстағы мемлекеттік нормативтік құжаттар талаптарынан шегінуге (ауытқуына) рұқсаты (келісімі) туралы ақпараттар;

- бас жоспар, инженерлік жүйелер мен желілер және коммуникациялар бойынша негізгі көрсеткіштер, аумақты инженерлік қорғау жөніндегі шаралары;

- кәсіпорынның (ғимараттың, құрылыстың, кешеннің) және оның өндіріс құрамына ене-тін қысқаша сипаттамасы, жобалау қуаты мен номенклатурасы, сапасы, көлемдік-жоспарлау және сәулет-құрылыстық, сондай-ақ өндірістің технологиялық шешімдерінің негізгі принциптері туралы ақпараттар, бәсекеге қабілеттілігі, жоспардағы шығарылатын өнімнің техникалық деңгейі, шикізат базасы, отын, суды, жылу мен электр энергиясының қажеттілігі, шикізатты кешендік пайдалану, өндіріс қалдықтары, қайта өңделген энергия ресурстары туралы мәліметтер;

- құрылыстың, қала құрылысының және іске қосылатын кешендерінің кезектілігі туралы мәліметтер;

- қызметкерлердің жағдайы мен еңбегін қорғауды сипаттайтын жалпы мәліметтер, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралар, мүгедектердің және тұрғындардың мүмкіншілігі шектеулі топтарының тіршілік ету жағдайы мен еңбек қауіпсіздігін қамсыздандыратын негізгі шешімдер;

- жобада қолданылған зерттеулер және патенттер туралы мәліметтер;

- пайдалану қауіпсіздігі мен объектінің қалыпты қызметін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, инженерлік және инженерлік-техникалық шаралар бойынша ақпараттар, оған қоса лаңкестікке қарсы қорғау шаралары;

- жобаны әзірлеудің нәтижесінде алынған техникалық-экономикалық көрсеткіштер, оларды бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесі бар көрсеткіштермен немесе объекті құрылысындағы басқа да инвестициялар негіздемесі мен жобалау тапсырмасында белгіленген жобаны жүзеге асыру жөніндегі қорытындылары мен ұсыныстарын салыстыруды қамтитын ақпараттар кіреді.

9.3.4 Объектінің бас жоспары мен көлікті ұйымдастыру бөліміне:

- құрылыс салынатын аймақ пен алаңның қысқаша сипаттамасы; жер бедерінің қысқаша сипаттамасы мен құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және геотехникалық жағдайлары туралы мәліметтері; бас жоспар (аумақты аймақтарға бөлуді ескеріп), ішкі алаңдық және сыртқы көлік, көлік түрін таңдау жөніндегі шешімдері мен көрсеткіштері; төтенше жағдайлар туындаған жағдайда адамдарды көшіру мақсатында және материалдық құндылықтарды құтқару, сондай-ақ олардың салдарынан жоюға мамандандырылған көлік үшін қолайлылығы;

- құрылысқа ұсынылып отырған жер телімінің жалпы сипаттамасы және оның параметрлері (мөлшері, шекарасы) туралы өзге де деректер, елді мекен жүйесінде немесе айналасында салынған құрылыстар мен қолданыстағы инфрақұрылымының, оның қазіргі жағдайы мен қолданысының сипаттамасы бар ауыларалық аумақта орналасқан орны; аумақтың және қоршаған ортаның экологиялық жағдайы, көлік және инженерлік-құрылыс-тық шарттары, инженерлік коммуникациялар және сол немесе іргелес аумақ арқылы өтетін өнім өтпе құбырлары, жоспарлау шектеулері және қолданыстағы қала құрылысы құжаттамасы;

ҚР ҚН 1.02-03-2011

- құрылысты бұзу және көпжылдық ағаштарды кесу, ғимараттар мен құрылыстарды басқа жерге ауыстыру, құрылыс салу ережелерін, қала құрылысы тұжырымдамаларын сақтау, тарихи, мәдени және табиғат, оның қорғалатын және ерекше реттеу аймақтарындағы ескерткіштерді сақтау жөніндегі талаптар (белгіленген шарттар);

- жер асты кеңістігін пайдалану мүмкіндігі;

- аумақты инженерлік дайындау, жер бедерін ұйымдастыру, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар, инженерлік желілер мен коммуникацияларды орналас-тыру (төсеу) шешімдері; кәсіпорынның сыртқы күзетін ұйымдастыру;

негізгі сызбалар:

а) кәсіпорынның (ғимараттың, құрылыстың немесе оның кешендерінің) орналастырылуының ахуалдық жоспары, онда қолда бар және жобаланып жатқан сыртқы коммуникациялар, инженерлік желілер мен үй тұрғызатын жерлер, санитарлық-қорғаныс аймақтарының шекарасы, айрықша күзетілетін аумақтардағы инженерлік шаралары көрсетіледі. Сызықтық құрылыстар (алаңнан тыс және алаңшілік) үшін ахуалдық жоспардың орнына трасса жоспары, ал қажет болғанда трассаның бойлық пішіні және жерде салынған құрылыстың көлденең пішіндері жүргізіледі;

б) Бас жоспарға жобаланып жатқан және қолда бар (сақталатын және бұзуға жатқызыл-ған) ғимараттар, имараттар мен өзге де құрылыстар, инженерлік және көлік коммуникация-лары, абаттандыру элементтері мен көпжылдық жасыл көшеттер, аумақтың қолданыстағы және жоспарлау белгілері түсіріледі, сондай-ақ онда іске қосылатын кешенге енетін объектілер, желілер мен көлік коммуникациялары бөлініп, көрсетіледі;

в) аумақты инженерлік дайындау, жер үсті суларын үйлестіру жүйесі бар бедерді ұйымдастыру (вертикаль жоспарлау), жер қазу жұмыстары және жер алқабының картограм-масы (сызықты құрылыстардан басқа) көрсетіледі.

9.3.5 Аумақты инженерлік қорғау жөніндегі шешімдер құрылыс алаңында инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық шарттары, сондай-ақ топырақтың геотехникалық қасиеттері туралы деректері ескеріліп, әзірленеді.

9.3.6 Технологиялық шешімдерге:

- өндірістік бағдарлама туралы деректер;

- өндіріс технологиясы бойынша қабылданған қысқаша сипаттама мен шешімдердің негіздемесі, өнімдерді жасауға жұмысалатын еңбек, технологиялық үрдістерді механикалан-дыру мен автоматтандыру туралы деректер;

- қолданылатын құрал-жабдықтың, соның ішінде шетел құрал-жабдығының құрамы мен негіздемесі;

- қалдығы аз және қалдықсыз технологиялық үрдістер мен өндірістерді қолдану, жылуды және тұтылған химиялық реагенттерді қайта пайдалану жөніндегі шешімдер; жұмыс орны-ның саны мен жарактандырылуы; цехаралық және цехтық коммуникациялардың сипаттама-сы;

- өнім сапасын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар;

- жөндеу шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі шешімдер;

- энергияны үнемдеу іс-шаралары;

- атмосфераны ластайтын және су көздеріне құйылатын зиянды қалдықтардың көлемі мен құрамы (жекелеген цехтар, өндірістер, құрылыстар бойынша), олардың топырақта жинақталуы туралы деректер;

- қоршаған ортаға зиянды заттарды шығару мен тастаудың алдын алу (азайту) бойын-ша техникалық шешімдер; апаттық жағдайдың туындау ықтималдығын бағалау және оларды болдырмау жөніндегі шешімдер;

- қалпына келтірілетін немесе пайдаға асырылатын, көмілуге жатқызылған өндіріс қалдықтарының түрі, құрамы мен мөлшері;

- технологиялық үрдістердің отын-энергетикалық және материалдық балансы;

- технологиялық мұқтаждық үшін ресурстардың негізгі түрлеріне қажеттілік;
негізгі сызбаларға:

а) технологиялық үрдістердің принципті сызбалары;

б) құрал-жабдықтар мен көлік құралдарының орналастырылуын көрсету арқылы корпусстар (цехтар) бойынша технологиялық жоспарлау;

в) технологиялық құбырлары;

г) жүк ағымдарының сұлбасы енеді.

Технологиялық бөлімді әзірлеген кезде технологиялық жобалаудың сәйкестендірілген салалық нормаларын басшылыққа алу қажет.

9.3.7 Өндірісті, кәсіпорынды басқару, жұмысшылар мен қызметшілердің жағдайы мен еңбегін қорғауды ұйымдастыру бөлімі уәкілетті органның еңбек пен халықтың әлеуметтік жағдайын қорғау мәселелері бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес орындалады, онда келесі мәселелер:

- кәсіпорынды және жекелеген өндірістерді басқаруды ұйымдастыру құрылымы, басқарудың автоматтандырылған жүйесі мен оны ақпараттық, функционалды, ұйымдық және техникалық қамтамасыз ету; басқару қызметкерлерінің еңбегін автоматтандыру мен механикаландыру, жұмысшылардың саны мен кәсіптік-біліктілік құрамын есептеудің нәтижелері, жұмыс орындарының саны мен жарақтандырылуы;

- жұмысшылардың санитарлық-гигиеналық жағдайы;

- еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар, соның ішінде зақымдануды болдырмау үшін өндірістік шу мен дірілді азайту жөніндегі шешімдер; бөлмелердегі ауаның газдануы мен шаңдануы, жылудың көптігі мен жетіспеуі, еңбек жағдайының жайлылық деңгейін жақсарту мен қызметкерлердің құқығын қалпына келтіруі қарастырылады.

9.3.8 Сәулеттік-құрылыстық шешімдерге:

- объектінің сәулеттік шешімін сипаттау, жобаланатын объектінің негізгі сәулеттік параметрлері мен көлемдік-жоспарлау шешімдері;

- негізгі ғимараттар мен құрылыстардың сәулеттік-құрылыс шешімдерінің сипаттамасы мен негіздемесі, ғимараттар мен құрылыстардың құрылымдық схемалары, негіздер мен іргетастар, жүк түсетін және қоршау конструкциялары, ғимараттар аражабындары мен жабындары, ғимараттар және құрылыстардың беріктігі, сенімділігі мен орнықтылығын бағалауға мүмкіндік беретін жобаның конструктивті бөлігі бойынша есептік материалдары;

- жобаланатын кәсіпорында мүгедектер мен елді мекеннің басқа да мүмкіншілігі шектеулі топтарының құқықтарын қамтамасыз ету және оларға тиісті еңбек жағдайын жасау жөніндегі іс-шаралар;

- қоршау конструкцияларының жылуды сақтау қасиеттері бойынша шешімдердің негіздемесі және өндірістік шу мен дірілді азайту, қызметкерлерге тұрмыстық, санитарлық қызмет көрсету жөніндегі түбегейлі шешімдердің негіздемесі;

- құрылыс конструкцияларын, инженерлік желілер мен құрылыс құрылымдарын тоттанудан сақтау жөніндегі іс-шаралары жатады.

негізгі сызбаларға:

а) негізгі күш түсетін және қоршау конструкцияларының кескіндемесі бар ғимараттар мен құрылыстардың жоспарлары, қасбеттері мен қималары, интерьерлері, өнеркәсіптік эстетика мен дизайн;

б) іргетастар, қаңқалар, аражабындар, жабындар мен шатырлардың схемалары (жоспарлары) кіреді.

9.3.9 Инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бөліміне:

- сумен жабдықтау, арналық кәріз, жылумен, газбен, электр энергиясымен жабдықтау, жылыту, салқындату, желдеткіш және ауаны баптау, электр қуаты жүйелері мен электр жарықтандыру жүйелерін, байланыс пен күзет, өртке қарсы дабыл, сағаттандыру, радио мен

ҚР ҚН 1.02-03-2011

теледидар жүргізу, күзетке арналған сыртқы және ішкі бейне бақылау, сондай-ақ автоматтық өртке қарсы құрылғылар, найзағайдан қорғау және т.б. бойынша инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтардың түбегейлі шешімдері;

- судың, отынның, жылу мен электр энергиясының шығынын бақылау бойынша іс-шаралар, соның ішінде олардың тұтынуын есептеу және реттеуге арналған жабдықтарды орнату жөніндегі іс-шаралар;

- кезбе тоқтан инженерлік желілер мен жабдықтарды қорғау іс-шаралары;

- инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлеу мен автоматтандыру шешімдері; негізгі сызбаларға:

а) жылумен (жылыту), суықпен, желдеткіш пен ауаны баптау, электр қуатымен, газбен, сумен жабдықтаудың, арналық кәріздің және басқа да инженерлік жүйелердің түбегейлі сызбалары;

б) инженерлік желілердің жоспарлары;

в) инженерлік желілер қырларының кескіндері (қажет болғанда);

г) ішкі инженерлік жүйелер, құрал-жабдықтар мен қондырғылардың сызбалары түсірілген негізгі ғимараттардың жоспарлары кіреді.

Сыртқы инженерлік коммуникациялар трассаларының түбегейлі сызбалары мен жоспарлары мүдделі мемлекеттік органдар немесе уәкілетті ұйымдарымен белгіленген тәртіпте келісуі тиіс.

9.3.10 Азаматтық қорғаныс пен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру бойынша инженерлік-техникалық іс-шаралар азаматтық қорғаныс бөлімінде, халық пен аумақты төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы нормалар мен ережелерге сәйкес орындалады.

9.3.11 Кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен қорғауды қамтамасыз ету жүйелері (ерекше маңызды объектілер, үлкен аралық құрылыстар мен биік ғимараттар және олардың кешендері үшін).

Осы бөлімге келесі шаралар:

- кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен сақтануды қамтамасыз етуге арналған өзара үйлестірілген жүйесін басқару мен бірлескен диспетчерлендіру;

- негізгі жүк түсетін конструкциялардың, инженерлік желілердің, күзет, өртке қарсы және қауіпті ескертетін дабыл жүйесінің, хабарландыру құрылғыларының, күзеттік және апаттық жарықтандырудың, түтін таратқыштың, күзет мақсатындағы бейне бақылаудың, көшіру кезінде шығу жолдарына қол жетімділікті бақылау және басқару жағдайының электронды мониторингі, сондай-ақ көшірілген адамдарды бөліп жайғастыруды қамтитын жерлер және алаңдарды ұйымдастыру;

- өрт, жарылыс, радиация, химиялық, бактериялық қауіп төнгенде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қауіп-қатерінен, өзге де апаттар мен лаңкестік әрекеттер туындаған жағдайда бөлмелер мен ғимараттардан адамдарды тұтастай көшіруді қамтамасыз ету, ұйымдастыру мен басқару;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қауіп-қатерінен, өзге де апаттардан және лаңкестік әрекеттердің туындау салдарының материалдық-техникалық зардап деңгейін төмендету, құжаттар мен құндылықтардың сақталуы мен көшірілуін ұйымдастыру, басқару және қамтамасыз ету;

- бақылау-өткізу пунктары немесе қауіпсіздік қызмет бекеттерін ұйымдастыру, объектінің аумағында дөңгелекті көлік құралдарының қиратып, бұзып өтуіне жол бермейтін физикалық тосқауылдар мен жабдықтау кіреді.

9.3.12 Құрылысты әрекеттегі нормативтерге сәйкес жобалау тапсырмасында анықталған көлемде ұйымдастыру.

Осы бөлім қолданыстағы нормативтерге, құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялар нарығындағы ақпаратты есепке ала отырып, сондай-ақ сәйкестендірілген жұмыстар мен қызметтерге сәйкес дайындалады.

9.3.13 Қоршаған ортаны қорғау.

Осы бөлім республикалық құрылыс басқармасы бекіткен мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарға, құрылыс нормалары мен ережелеріне, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құзіретті органның нормативті құжаттарына, сонымен қатар табиғатты қорғау қызметін реттейтін басқа да нормативті құжаттарға сәйкес орындалады.

9.3.14 Сметалық құжаттама.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік-әдістемелік құжаттарында келтірілген ережелер мен нысандарға сәйкес, кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар (немесе олардың кезектерінің) құрылысының сметалық құнын анықтау үшін сметалық құжаттама жасалады.

Жобалау сатысында әзірленген сметалық құжаттамасының құрамында:

- түсініктемелік жазба, онда сметалық-нормативтік базаның қолданылуы, баға деңгейі және аталған құрылыс шарттарының ерекшелігі сипатталатын басқа да мәліметтер туралы ақпараттар келтірілген;

- құрылыс құнының сметалық және жиынтық сметалық есебі, қажеттілігіне қарай шығын мәліметтері;

- объектілік және жергілікті сметалық есептері;

- шығынның жекелеген түрлерінің (соның ішінде жобалау және іздестіру жұмыстары) сметалық есептерінен құралуы қажет.

Құрылыс құнын анықтау үшін белгіленген тәртіпте әзірленетін және күшіне енгізілетін қолданыстағы сметалық-нормативтік базаны пайдалану ұсынылады.

Сметалық құжаттамадағы құрылыс құнын екі деңгейдегі бағада келтіру ұсынылады:

– қолданыстағы сметалық нормалар мен бағалар негізінде анықталатын базалық (тұрақты) деңгейде;

– сметаны құрастыру және жобалау-сметалық құжаттамасын бекіткен кезде бағалар негізінде анықталатын ағымдағы бағалар деңгейінде ұсынылады.

Құрылыс салу ұзақтығы бір жылдан асатын объектілер бойынша жұмыс құны құрылыстың нормативтік мерзімімен бірге жоспарланған қайта есептеу коэффициентін қолдана отырып, көлемді жылдарға бөлу есепке алынып, анықталады.

Мемлекеттік инвестициялардың есебінен немесе олардың қатысуымен тұрғызылатын объектілер, сондай-ақ құны мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз, бірақ шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызметтің көлемінде заңнамада белгіленген тәртіптегі мемлекеттік меншік үлесі бойынша салынатын, сонымен қатар мемлекет кепіл болған немесе мемлекеттік кепілдеменің негізінде алынған мемлекеттік емес қаражаттардың есебінен тұрғызылатын объектілердің құны бағалардың базалық деңгейі негізіндегі сметалық нормаларға сәйкес анықталатын ағымдағы бағаларда келтіріледі.

Қызметтік мақсатына және берілген қуатына (сыйымдылығына, өткізу тәсіліне) байланысты жоба (Ж) сатысындағы объектілер құрылысының сметалық құны кейбір конструктивтік элементтер ұлғайтылған құнның көрсеткіштерін және ұлғайтылған сметалық нормативтер, баға анықтамалығы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлерін пайдаланып, объектілік және жергілікті сметалық есептеулер арқылы анықталады, ал олар болмаған жағдайда объектілік және жергілікті сметалардағы жоба ұқсастығы сметаларын келесі кезекте пайдаланып, жұмыс құжаттамасында нақтылайды.

Технологиялық және инженерлік құрал-жабдықтар құны бағалар жинақтарының сәйкестендірілген бөлімдері бойынша қабылдауы тиіс. Қолданыстағы жинақтар бойынша көрсетілген құрал-жабдықтардың бағаларын орнықтыру мүмкін болмаған жағдайда, тапсырыс берушімен (бюджеттік бағдарламаның әкімгерімен) келісілген негіздегі екіден кем емес өнім шығарушылардың немесе олардың өкілетті дистрибьюторларының бағаларын салыстыру нұсқаларын және жобаға енетін құрал-жабдықтардың бәсекелестігін (техникалық және сапалық сипаттамасын салыстыру) бағалар анықтамалығынан анықтау қажет.

ҚР ҚН 1.02-03-2011

Бұл ретте прайс-бетте көрсетілген технологиялық және инженерлік құрал-жабдықтардың құны сол кездегі ағымдағы бағаларда көрсетіліп, сметалық құжаттамада индекссіз есепке алынады.

Құрылыс құны қажет болған жағдайда, жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ағымдағы бағасы бойынша шетел валютасында қайта есептелуі мүмкін.

9.3.15 Инвестиция тиімділігі мен техникалық-экономикалық көрсеткіштер бөлімінің құрамында:

- жобаның тиісті бөлімдерін әзірлеу барысында алынған сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде инвестициялар тиімділігінің есептемесі жасалады;

- белгіленген тәртіппен және әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жобаның экономикалық тиімділік бағасы анықталады;

- жинақтап қорытылған деректер мен есептеме нәтижелері осы объекті құрылысына инвестицияны негіздеу құрамында, жобалау тапсырмасымен анықталған негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштермен салыстырылады және соның негізінде жобаны инвестициялау мен іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылданады.

Қолданыстағы кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды кеңейту, қайта жаңарту мен техникалық қайта жарақтандыру жобаларындағы техникалық-экономикалық көрсеткіштер, жалпы объект бойынша да кеңейту, өңдеу және техникалық қосымша жарақтандыру аяқталғаннан кейін қуаттың өсуі ретінде келтіріледі.

9.3.16 Жобаның сәйкестендірілген бөлімдерінде:

- ҚЖҚЖ стандарттарымен белгіленген нысанда қолдануға ыңғайластырылып жасалған құрал-жабдықтар спецификациясы;

- шартта баяндалғандай, жеке түрде жасалатын жабдықтардың құрылымдық құжаттамаларын әзірлеуге қатысты бастапқы талаптар келтірілуі тиіс.

9.4 Желілі құрылыстарды салуға арналған жобаның құрамы ведомстволық нормативтік құжаттармен белгіленеді және осы норманың 9.3 бөліміндегі талаптардың негізгі ережелерін басшылыққа алуы тиіс.

Жобалау шешімдерін бағалау үшін толық мағлұмат беретін бөлімдердің бар болуы желілі құрылыстарды салуға арналған жобаны әзірлеудің міндетті шарты болып табылады.

9.4.1 Инженерлік желілердің құрылысына арналған жобаның құрамы:

- жобаның төлқұжаты (9.3.1);

- жалпы түсініктеме жазбахат (9.3.3);

- трассаның жоспары мен схемасы (ахуалдық схема) (9.3.4);

- құрылыс шешімдері (9.3.8);

- инженерлік құрал-жабдықтар (9.3.9);

- қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ ерекше маңызды объектілер үшін кешенді қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жүйесі (9.3.10);

- қолданыстағы нормативтер көлемінде құрылысты ұйымдастыру (9.3.12);

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар (9.3.13);

- сметалық құжаттамасы (9.3.14);

- инвестициялардың тиімділігі (жобалау тапсырмасымен айқындалған шарттарға сәйкес) және техникалық-экономикалық көрсеткіштері (9.3.15);

- жабдықтар мен негізгі құрылыс материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың спецификациясы;

- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес орындалған негізгі жұмыс сызбалары (9.6).

9.4.2 Автокөліктік жолдар, көліктік жол тораптары, көпірлердің ғимараттары, темір жол көлігінің желісі, көше-жол желісі құрылысына арналған жобалардың құрамы:

- жобаның төлқұжаты (9.3.1);
- жалпы түсініктеме хат (9.3.3);
- трассаның жоспары (ахуалдық) схемасы (9.3.4);
- құрылыс шешімдері (9.3.8);
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ ерекше маңызды объектілер, үлкен аралықты құрылыстар мен олардың кешендері үшін кешенді қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жүйесі (9.3.10);
- құрылысты қолданыстағы нормативтерде көрсетілген көлемде ұйымдастыру (9.3.12);
- қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары (9.3.13);
- сметалық құжаттамасы (9.3.14);
- инвестициялардың тиімділігі (жобалау тапсырмасымен айқындалған шарттарына сәйкес) және техникалық-экономикалық керсеткіштері (9.3.15);
- негізгі құрылыс материалдары, бұйымдардың қажеттілігінің жиынтық ведомосы;
- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес орындалған негізгі жұмыс сызбалары (9.6).

9.4.3 Автокөлік жолдарының құрылысына арналған жобаның жалпы түсініктеме жазбахатқа жобаның бөлімдері бойынша мәліметтер мен түсініктемелер кіреді, оның ішінде:

- объектінің мақсаты, оның құрылысының қажеттілігі мен мақсатымен бірге жалпы мемлекеттік және облыстық маңыздағы автожолдар желісін (көшелерді, темір жол желісін) дамытудың бас схемасын келтіріп, жобаны әзірлеудің негіздемесі мен жобалау үшін берілетін бастапқы деректері;
- трассаны таңдаудың негіздемесі туралы мәліметтер, құрылыс телімдерінің және объектінің өту орнының сипаттамасы, соның ішінде: жол-климаттық аймақ, табиғат жағдайлары, инженерлік-геологиялық, топогеодезиологиялық, гидрологиялық, сондай-ақ ауданның ерекше жағдайларының сипаттамасы, қазіргі техникалық жағдайы мен техникалық керсеткіштері, жасанды құрылыстардың үлгілері мен жағдайы;
- облысаралық, ауданаралық, ауданішілік бөлімшелерге бөлінген тасымалдардың көлемі;
- трассаның бас жоспары (ахуалдық схемасы) бойынша негізгі керсеткіштер, соның ішінде: жобалау ауданының қысқаша сипаттамасы, аймақтағы жердің бедері, қолда бар құрылыстар мен оның бөліктерінің зерттеу материалдары, жүк тасымалының есептік көлемі және болашақ кезеңнің соңғы жылындағы қозғалыстың қарқындылығы (қолданыстағы нормаларға сәйкес), жолдың санаты, жол салудың (қайта жаңартудың) трассасының нұсқалары және оңтайлы техникалық-экономикалық керсеткіштері және құрылыстың келтірілген төмен құны бойынша, сондай-ақ белгіленген тәртіпте бас жоспарды бастапқы қала құрылысы құжаттамасымен байластыруын ескеріп, ұсынылатын нұсқасын таңдау;
- құрылыс шешімдері, соның ішінде: автожолдың ұзындығы немесе көпірдің параметрлері (көпір құрылысының, көпір өткелінің), жол жоспары мен бойлық бағдарының, жер төсемі құрылымының сипаттамалары, жол жабыны үлгісін және жабын түрін таңдау, жасанды құрылыстардың үлгілері, конструкциялары мен материалдары, автожолдың қиылыстары мен жанасулары және темір жолдарымен қиылысулары;
- көпірлер, көпір құрылыстары мен көпір өткелдерінің жобаларының құрылыс шешімдері, соның ішінде: мақсатты, кіру жолдарының санаты мен көпірдің өлшемі (көпір құрылысының, көпір өткелінің), пайдаланудың жоспарланған мерзімдері, үлгілердің салыстырылуы (көпір құрылысының, көпір өткелінің) және көпірді жайғастыруға орын таңдау (көпір құрылыстарының, көпір өткелінің), көпірдің нұсқалары (көпір құрылысының, көпір өткелінің), конструкциялардың ұсынылатын үлгілерінің сипаттамасы, көпірге кіру жолдары, қиылыстар мен жанасулар бойынша негізгі техникалық параметрлері мен шешімдері;
- жол және автокөліктік қызметтер мен қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ ерекше маңызды объектілер, үлкен аралықты құрылыстар мен олардың кешендері үшін кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен қорғауды қамтамасыз ету жүйесі;

ҚР ҚН 1.02-03-2011

- инженерлік коммуникациялар, қайта құрылым және құрылыс жаңа, соның ішінде тапсырма берушінің тапсырмасы бойынша қауіпсіздік және төлеудің интеграцияланған жүйелері;

- локомотив және вагон шаруашылықтары, автоматика және телемеханика, байланыс, жабдықтау, электрлендірудің пневматикалық құрылымдар, өндірістік және қосалқы ғимараттар құрылымдары бойынша (темір жол көлігінің объектітері үшін) технологиялық және құрылыс шешімдері;

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- құрылысты ұйымдастыру, соның ішінде: негізгі құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі, құрылыс материалдарына, тетіктер мен көлік құралдарына қажеттілік, көп еңбекті қажетсіну мен құрылыс мерзімдері, құрылыс кезектілігі, негізгі құрылыс материалдарын: металды, цементті, ағашты, битумды жұмсау жөніндегі деректер және т.б.;

- ауаға шығарылатын және су көздеріне тасталатын зиянды заттектердің саны мен құрамы туралы деректер ескерілген қоршаған ортаны қорғау туралы мәліметтер және қоршаған ортаға зиянды заттектерді шығарудың алдын алу (азайту) жөніндегі техникалық шешімдер;

- жобаны әзірлеудің нәтижесінде алынған техникалық-экономикалық көрсеткіштер және оларды объекті құрылысы бекіткен техникалық-экономикалық негіздемесінің көрсеткіштерімен салыстыру келтіріліп отыр.

9.5 Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердің құрылысына арналған жоба (Ж) келесі бөлімдерден тұрады:

- жобаның төлқұжаты (9.5.1);

- жобаның энергетикалық төлқұжаты (9.5.2);

- жалпы түсініктеме жазбахат (9.5.3);

- құрылыс алаңының бас жоспары (9.5.4.);

- сәулеттік-жоспарлау шешімдері (9.5.5.);

- құрылыс шешімдері (9.5.6.);

- технологиялық шешімдері (9.5.7.);

- инженерлік жабдықтар мен инженерлік жүйелер бойынша шешімдер (9.5.8.);

- ерекше маңызды объектілер, биік ғимараттар мен олардың кешендерінің кешендік қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жүйесі (9.5.9);

- құрылысты қолданыстағы нормативтер көлемінде ұйымдастыру (9.5.10);

- қоршаған ортаны қорғау, қажет болған жағдайда азаматтық ғимараттарды (9.5.11);

- сметалық құжаттамасы (9.5.12);

- инвестициялардың тиімділігі (жобалау тапсырмасымен айқындалған шарттарға сәйкес) және техникалық-экономикалық көрсеткіштері (9.5.13);

- негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары қажеттілігінің жиынтық ведомосы;

- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес орындалған негізгі жұмыс сызбалары (9.5.14).

9.5.1 Жобаның төлқұжаты негізгі параметрлері, сипаттамалары мен техникалық-экономикалық көрсеткіштері көрсетілген жобаланатын объектінің құрылыс мақсаты мен ерекшелігі қысқаша сипатталған мәліметті қорытындылау нысанында құрастырылады.

9.5.2 Жобаның энергетикалық паспорты техникалық регламенттер мен қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталған объектілердің энергетикалық сипаттамалары туралы ақпарат түрінде, оның ішінде энергияны үнемдеу және энергияны тұтыну жөніндегі деректерден, сондай-ақ ғимараттарды қоршау құрылымдардың жылулық қорғау бойынша есептерінен тұрады.

9.5.3 Жалпы жазба түсініктемесіне төмендегілер енеді:

- жобаны әзірлеудің негіздемесі (негіздемені құрайтын құжаттар тізімі) және жобалауға бастапқы деректер;

- құрылыс алаңын таңдауға (ұсынылуға) негіздеме болатын мәліметтер, бедердің қысқаша сипаттамасы және құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және геотехникалық жағдайлары туралы мәліметтер;

- объектінің қысқаша сипаттамасы мен жобалау қуаттылығының (сыйымдылығы, өткізу қабілеті және с.с.) қысқаша деректер;

- белгіленген объектіде (тұрғын ғимараттардан басқа) жұмыс істейтіндердің саны, мөлшері мен білікті-білімді құрамы және сандық есебінің нәтижелері;

- отын, су, жылу мен электр энергиясын тұтыну туралы деректер;

- құрылыс кезектілігі, қала салу мен іске қосылатын кешендер туралы мәліметтер;

- объектінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, жобалау шешімдері бойынша жүргізілген келісулер туралы мәліметтер, әзірленген құжаттаманың мемлекеттік нормаларға, ережелері мен стандарттарға, сәулеттік-жоспарлау тапсырмасына, бастапқы деректерге, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымының объектілеріне және инженерлік қамсыздандыру коммуникацияларына қосуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігін дәлелдеу;

- техникалық пайдалану жөніндегі іс-шаралар (қайта немесе көп рет пайдаланылатын тұрғын және қоғамдық ғимараттар топтамасы үшін әзірленетін материалдар бойынша);

- мүгедектердің және елді мекеннің өзге де мүмкіндіктері шектеулі топтарының тіршілік ету жағдайлары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шешімдер.

9.5.4 Құрылыс алаңының бас жоспарына келесі мәліметтер енеді:

- құрылыс салуға бөлінген жер телімінің жалпы сипаттамасы мен параметрлері (өлшемдері, шекаралары), оның қазіргі жағдайы мен пайдалану тәртібі туралы басқа да деректер;

- жобаның елді мекеннің бекітілген бас жоспарына, басқа да қала құрылысы құжаттамасы мен регламенттеріне, сәулеттік-жоспарлау тапсырмасына және мемлекеттік нормативтерге сәйкестігі туралы мәліметтер;

- құрылыс ауданы мен алаңының қысқаша сипаттамасы, бас жоспар (аумақты аймақтарға бөлу ескерілген) бойынша шешімдер мен көрсеткіштер, қоғамдық тәртіпті сақтауды, төтенше жағдайлар туындағанда адамдарды көшіру және материалдық құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында арнайы көліктің қол жетімділігі;

- аумақтың және қоршаған ортаның экологиялық жағдайы, өнім құбырларының учаскесі бойынша немесе іргелес аумағынан өтетін құрылыс ауданының және жоспарланудағы (болжамды) инженерлік және көлік инфрақұрылымы, қала салу регламенттері және шектеулі жоспарлау және қолданыстағы қала салу құжаттамасы туралы мәліметтер;

- құрылыстарды бұзу және көпжылдық көшеттерді алып тастау, ғимараттар мен құрылыстарды басқа жерге ауыстыру, құрылыс, қала салу тұжырымдамасының ережелерін сақтау, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін және оларды қорғауға арналған аймақтар мен ерекше реттеу аймақтарын сақтау жөніндегі (белгіленген талаптар) талаптар;

- жер асты кеңістігін пайдалану мүмкіндіктері;

- инженерлік дайындық, бедерді ұйымдастыру, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік желілер мен коммуникациялардың орналасуы (өткізілуі) жөніндегі жиынтық шешімдер және олардың техникалық шарттарына сәйкес келуі туралы мәліметтер.

9.5.5 Сәулеттік шешімдерге:

- объектінің сәулеттік және көлемді-жоспарлау шешімдерінің қысқаша сипаттамасы мен олардың қызметтік мақсаты бойынша жобалау тапсырмасына сәйкес келуі;

- жобаның сәулет-жоспарлау тапсырмасы мен мемлекеттік нормативтерге сәйкес келуі туралы мәліметтер;

- жобаланудағы объектінің негізгі көлемдік-жоспарлау параметрлері және бөлмелерде талап етілетін жайлылықты қамтамасыз ету туралы деректер;

- шу мен дірілді төмендету бойынша түбегейлі шешімдердің негіздемесі жатады.

9.5.6 Құрылыс шешімдері құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайы, сондай-ақ топырақтың геотехникалық қасиеттері туралы деректер ескеріліп, әзірленеді және ол келесі шешімдерді қамтиды:

ҚР ҚН 1.02-03-2011

- ғимараттар мен құрылыстардың құрылымдық схемасын, негіздер мен іргетастардың, жүк түсетін және қоршау конструкцияларының, аражабындар мен жабындардың сипаты мен негіздемесі;

- ғимараттар мен құрылыстардың беріктігін, сенімділігін және тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін жобаның құрылымдық бөлігі бойынша жасалған есептердің материалдары;

- қоршау конструкцияларының жылуды қорғау қасиеттері бойынша шешімдердің негіздемесі;

- құрылыс конструкцияларын, желілер мен құрылыстарды тоттанудан сақтау жөніндегі іс-шаралар.

9.5.7 Технологиялық шешімдерге келесі мағлұматтар енгізіледі:

- объектінің қызметтік мақсаты;

- қысқаша сипаттама және технология, технологиялық процестерді механикаландыру мен автоматтандыру шешімдерінің негіздемесі және олардың тапсырыс беруші белгілеген деңгейге мен қауіпсіздік нормативтеріне, еңбек жағдайының жайлылығына сәйкестігі;

- қолданылатын технологиялық жабдықтың соның ішінде импорттық жабдықтардың құрамы мен негіздемесі.

9.5.8 Инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бойынша шешімдер мынадан тұрады:

- инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бойынша сумен жабдықтау, арналық кәріз, жылумен, газбен, электр энергиясымен жабдықтау, жылыту, салқындату, желдеткіш және ауаны баптау, электр қуаты жүйелері мен электр жарықтандыру жүйелерін, байланыс пен күзет, өртке қарсы дабыл, сағаттандыру, радио мен теледидар жүргізу, күзетке арналған сыртқы және ішкі бейне бақылау, сондай-ақ автоматтық өрт сөндіру құрылғылары, найзағайдан қорғаудың түбегейлі шешімдері;

- судың, отынның, жылу мен электр энергиясының шығынын бақылау бойынша іс-шаралар, соның ішінде олардың тұтынуын есептеу мен реттеуге арналған жабдықтарды орнату жөніндегі іс-шаралар;

- кезбе тоқтан инженерлік желілер мен жабдықтарды қорғау іс-шаралары;

- инженерлік желілерді басқаруды диспетчерлеу мен автоматтандыру шешімдері.

9.5.9 Кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен қорғауды қамтамасыз ету жүйелері (ерекше маңызды объектілер, биік ғимараттар мен олардың кешендері үшін).

Осы бөлім келесі шаралардан:

– кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен сақтануды қамтамасыз етуге арналған өзара үйлестірілген жүйені басқару және бірлесіп диспетчерлендіру;

– негізгі жүк түсетін конструкциялардың, инженерлік желілердің, күзет, өртке қарсы және қауіпті ескертетін дабыл жүйесінің, хабарландыру құрылғыларының, күзеттік және апаттық жарықтандырудың, түтін тазартқыштарының, күзет мақсатындағы бейне бақылаудың, көшіру кезінде шығу жолдарына қол жетімділікті бақылау және басқару жағдайының электронды мониторингі, сондай-ақ көшірілген адамдарды бөліп жайғастыруды қамтамасыз етуге қолайлы жерлер және аландарды ұйымдастыру;

– өрт, жарылыс, радиация, химиялық, бактериялық қауіп төнгенде, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қауіп-қатерінен, өзге де апаттар мен лаңкестік әрекеттер туындаған жағдайда бөлмелер мен ғимараттардан адамдарды тұтастай көшіруді қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен басқару;

– табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қауіп-қатерінен, өзге де апаттардан және лаңкестік әрекеттердің туындау салдарының материалдық-техникалық зардап деңгейін төмендету, құжаттар мен құндылықтардың сақталуы мен көшірілуін ұйымдастыру, басқару және қамтамасыз ету;

– қауіпсіздік қызмет пункттерін ұйымдастыру, объектінің аумағын дөңгелекті көлік құралдарының қиратып, бұзып өтуіне жол бермейтін физикалық тосқауыл болатын сәулет элементтері және басқа да құралдармен жабдықтау кіреді.

9.5.10 Қолданыстағы нормативтер көлемінде құрылысты ұйымдастыру.

Осы бөлім жобалау тапсырмасында анықталған көлемде қолданыстағы нормативтерге және құрылыс қызметтері нарығының мәліметтеріне сәйкес әзірленеді және құрылысты ұйымдастырудың негізгі ережелерінен тұрады.

9.5.11 Қоршаған ортаны қорғау.

Бөлім мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттарға, құрылыс нормалары мен ережелеріне және табиғатты қорғау қызметін реттейтін басқа да нормативтік актілерге сәйкес енгізіледі.

9.5.12 Сметалық құжаттама осы құрылыс нормасының 9.3.14 тармағының ережелеріне сәйкес құрастырылады.

9.5.13 Инвестициялардың тиімділігі бойынша бөлімнің әзірленуі және техникалық-экономикалық көрсеткіштердің белгіленуі осы құрылыс нормасының 9.3.15 тармағының ережелеріне қатысты жүзеге асырылады.

9.5.14 Негізгі сызбалар ҚЖҚЖ (9.6) талаптарына сәйкес әзірленген, оның ішінде:

а) бас жоспарға:

- объектінің (кешеннің) орналасуының ахуалдық жоспары;
- жобаланып жатқан және қолданыстағы (сақталатын және бұзуға жатқызылған) ғимараттар, имараттар, басқа да құрылыстар, инженерлік және көлік коммуникациялары, абаттандыру және көп жылдық жасыл көшеттер элементтері көрсетілген, аумақтың қолданымдағы және жоспарлау белгілері қойылған 1:500 немесе 1:1000 масштабтағы топографиялық негіздегі сызбалары. Бар болған жағдайда іске қосылатын кешендерге енгізілген объектілер, желілер мен көлік коммуникациялары айқындалады;

- аумақты инженерлік дайындау, жерүсті суларын бөлу жүйесі бар бедерді (вертикаль жайғастыру) ұйымдастыру, жер қазу жұмыстары және жер алқабының картограммасы (желілі құрылыстардан басқасы) жатады;

б) сәулеттік шешімдерге:

- жүк түсетін және қоршау конструкциялардың (жеке және қайта қолданылатын жобалар бойынша) схемалары бейнеленген ғимараттар мен құрылыстар қабаттарының жоспарлары, қасбеттері, қималары.

- көлемі жобалауға арналған тапсырмада айқындалған сыртқы өндеу (экстерьерлер);

- көлемі жобалауға арналған тапсырмада айқындалған графикалық материалдар (иллюстрациялар) мен макеттер;

- көлемі жобалауға арналған тапсырмада айқындалған негізгі бөлмелердің ішкі көрінісі (интерьер) жатады;

в) құрылыс шешімдеріне:

- табандар мен іргетастардың, қаңқалардың, жүк түсетін және қоршау конструкцияларының, аражабындар мен жабындардың жеке құрылымдық шешімдердің схемалары (монтаждау жоспарлары);

- баспалдақ сатылардың, лифтік шахтылар және тік көліктің басқа да түрлерінің орналасу схемалары, ойықтардың толтырылуы;

г) технологиялық шешімдер:

- негізгі жабдықты мөлшерге сәйкес немесе әр қабатта орналастыру жоспарларының сілтемесі бар технологиялық тұтастыру;

- көлемі жобалауға арналған тапсырмада айқындалған технологиялық ағымдардың (қызметкерлердің, келушілердің, клиенттердің, пациенттердің, өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің және с.с.) номограммалары жатады;

д) инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бойынша шешімдерге:

- инженерлік коммуникациялардың түбегейлі схемалары мен трассалардың жоспарлары;

- алаңшілік желілер мен құрылыстар трассаларының сызбалары мен жоспарлары және

ҚР ҚН 1.02-03-2011

олардың инженерлік жабдықтарды қондырудың түбегейлі сызбалары, объектіні электр қуатымен қамтамасыз ету схемалары;

Инженерлік жабдықтардың құралдары мен санитарлық-техникалық қондырғыларды басқаруды автоматтандырудың түбегейлі схемалары;

- байланыс пен дабыл беруді ұйымдастыру схемасы;
- күл-қоқысты жою сызбалары жатады;

е) кешендік қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы қорғанысты (ерекше маңызды объектілер, биік ғимараттар және оның кешендері үшін) қамтамасыз ету жүйелеріне:

- кешендік қауіпсіздік пен лаңкестіктен сақтануды қамтамасыз етуге арналған өзара үйлестірілген жүйені басқару және бірлесіп диспетчерлендірудің сызбалары;

- негізгі жүк түсетін конструкциялардың, инженерлік желілердің, күзет, өртке қарсы және қауіпті ескертетін дабыл жүйесінің, хабарландыру құрылғыларының, күзеттік және апаттық жарықтандырудың, түтін тазартқыштарының, күзет мақсатындағы бейне бақылау жағдайының электронды мониторингі құрылғыларының сызбалары.

- әр қабаттың көшіру жолдарының сызбанұсқалары, сондай-ақ көшірілетін адамдарды бөліп жайғастыруды қамтамасыз ететін жерлер мен алаңдарды орналастыру;

- қауіпсіздік қызметінің күзет орнын орналастыру сызбалары жатады.

Кешендік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және лаңкестікке қарсы қорғаныс жүйесіне қатысты сызбалар (көшіру жолының, сондай-ақ өту жолдары мен алаңдардың орналастырылу сызбаларын қоспағанда) шектеулі құқықтағы құжаттамалар болып табылады және белгіленген тәртіпте мүдделі ұйымдармен келісілуі тиіс.

9.6 Өндірістік және өндірістік емес (тұрғын үй-азаматтық) мақсаттағы объектілер құрылысының жұмыс құжаттамасы (ЖҚ) мемлекеттік нормативтердің талаптарына, технологиялық жобалаудың ведомстволық нормаларына сәйкес жобалаудың екінші сатысында әзірленеді және ҚЖҚЖ стандарттарына сәйкес рәсімделеді.

9.6.1 Жұмыс құжаттамасына:

- құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс сызбалары;
- құрылыс өнімдері мен конструкцияларының жұмыс сызбалары;
- типтік емес өнімдірдің жалпы түрлерінің нобайлық сызбалары;
- сметалық құжаттама;

- құрылыс пен монтаждау жұмыстары көлемінің ведомостары, сондай-ақ материалдарға қажеттілік пен жабдықтар, өнімдер және материалдар спецификациясының жиынтық ведомостары енеді.

9.6.2 Жұмыс сызбалары ҚЖҚЖ стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

9.6.3 Кейбір техникалық жағынан күрделі объектілер бойынша жобалау тапсырмасында қосымша пысықтаулар және арнайы қосалқы құрылыстар мен бейімдеулердің жұмыс сызбалары, оның ішінде қоршаған ортаны қорғауға байланысты құрылыстар мен құрылғылардың сызбалары қарастырылған. Көрсетілген пысықтаулардың қажеттілігі тапсырыс берушімен анықталады.

9.6.4 Металл конструкцияларының егжей-тегжейлі сызбалары (МБК) және (немесе) технологиялық құбыр жүргізу істері зауыт дайындаушыларымен әзірленеді, ал ауа өткізгіштердің егжей-тегжейлі сызбалары сәйкестендірілген құрастыру ұйымдарымен әзірленеді.

9.6.5 Сметалық құжаттама жиынтық сметалық есеп пен құрылыс құнының сметалық есебінен, объектілік және жергілікті сметалардан, жергілікті сметалар ресурстардың қажеттілігі туралы ведомосынан тұрады.

9.7 Аяқталған жоба құжаттамасын жобалау ұйымы – Бас жобалаушы тапсырыс берушіге төрттен кем болмайтын данада табыс етеді.

10 Бір сатылы жобалау кезіндегі жобалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны

10.1 Бір сатылы жобалау кезінде жұмыс жобасы бекітілген қала құрылыстық жобалар немесе нормалардың талаптарына сәйкес жоба алдындағы құжаттамасының, сондай-ақ объектілердің жобалау тапсырмасының негізінде әзірленеді.

10.2 Өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысы жұмыс жобасының (ЖЖ) құрамына төмендегілер:

- жұмыс жобасының (төлқұжаты) (9.3.1);
- объектінің энергетикалық төлқұжаты (9.3.2, жобалау тапсырмасына сәйкес);
- жалпы түсініктемелік жазбахат (10.2.1), оған енетін бөлімдер:
- бас жоспар және көлік;
- технологиялық шешімдер;
- сәулеттік-құрылыс шешімдері;
- инженерлік жабдықтар, желілер мен жүйелер;
- төтенше жағдайларды ескерту шаралары;
- құрылысты ұйымдастыру;
- қоршаған табиғи ортаны қорғау;
- сметалық құжаттама (10.2.2);
- құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары (10.2.3).

- қазақстандық мазмұнды есепке алуымен К қосымшаға сәйкес қорытынды жасалған және тапсырма берушімен бекітілген негізгі құрылыс материалдары, өнімдері және қондырғыларының қажеттілігінің жиынтық ведомосы.

Жұмыс жобасының бөлімдеріне қабылданатын жобалау шешімдері (осы құрылыс нормасының 9.3-тармақтарының талаптарына сәйкес) негіздемесі үшін жеткілікті көлемде әзірлеу қажет.

10.2.1 Жалпы түсініктемелік жазбахат жұмыс жобасының әр бөлімі бойынша негізгі ақпараттар мен түсініктемелерден құралады, оның ішінде:

- жобаны әзірлеуге негіздеме, жобалауға арналған бастапқы деректер, құрылыс аймағының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары туралы мәліметтер;
- жобалау шешімдеріне жүргізілген келісімдері туралы мәліметтерді, әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік нормаларға, ережелерге, стандарттарға, бастапқы деректерге сәйкестілігін, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарынан ауытқудың жоқтығы туралы келісімі белгіленген тәртіпте рәсімделіп, объектінің орналасқан жері келісілген кездегі мемлекеттік қадағалау (бақылау) органының, басқа да мүдделі ұйымдардың және тұлғалардың берген техникалық шарттары мен талаптарын қуәландыру;
- бас жоспар бойынша негізгі көрсеткіштер, соның ішінде: құрылыс ауданы және алаңының қысқаша сипаттамасы, бас жоспар бойынша шешімдер және көрсеткіштер (аумақтарды бөлуді есепке алып), ішкі аландық және сыртқы көлік, көлік түрлерін таңдау;
- құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және геотехникалық шарттары туралы мәліметтер, ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, ауыстыру бойынша талаптар, құрылыс салу ережелерін сақтау, қала құрылыстық тұжырымдамасы, аумақты абаттандыру бойынша шаралар;
- кәсіпорынның, құрылыстың және оның құрамына енетін өндірістердің қысқаша сипаттамасы, жобалау қуаты мен номенклатурасы, сапасы, сондай-ақ өндірістің технологиялық шешімдері, оның құрамы мен қолданылатын жабдықтардың негіздемесі, бәсекелесуге қабілеттігі, өнімнің техникалық деңгейі, шикізат базасы, отын, суды, жылу мен электр энергиясының қажеттілігі, шикізатты кешендік пайдалану, өндіріс қалдықтары, қайта қолданылатын энергия ресурстары туралы мәліметтерді;
- негізгі ғимараттар мен құрылыстардың сәулет-құрылыс шешімдерінің сипаттамасы

ҚР ҚН 1.02-03-2011

мен негіздемесі, ғимараттар мен құрылыстардың құрылымдық схемалары, негіздер мен іргестастар, жүк түсетін және қоршау конструкциялары, ғимараттар аражабындары мен жабындары, құрылыстардың конструкцияларының және т.б. конструктивтік схемалары.

- мүгедектер мен басқа да мүмкіншілігі шектеулі топтарының тіршілік ету жағдайын қамтамасыз ету шаралары және қоршау конструкциялардың жылу сақтау қасиеттері жөніндегі шешімдерінің негіздемесі, жұмыскерлердің тұрмыстық, санитарлық қызмет орнындағы өндірістік шу мен дірілді азайту жөніндегі түбегейлі шешімдерінің негіздемесі;

- сумен жабдықтау, арналық кәріз, жылумен қамту, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылыту, желдету, ауаны сәйкестендіру жөніндегі инженерлік желілер, жүйелер және жабдықтар жөніндегі шешімдер, инженерлік жүйелермен қамтамасыз ету бойынша (байланыс пен сигнал беру, радиоландыру мен теледидар, сондай-ақ өртке қарсы құрылғылар, найзағайдан қорғау және т.б.), инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлендіру және автоматтандыру шешімдері;

- судың, отынның, жылу мен электр энергиясының шығынын бақылау бойынша іс-шаралар, соның ішінде олардың тұтынуын есептеу және реттеуге арналған жабдықтарды орнату жөніндегі іс-шаралар;

- төтенше жағдайлардан, жарылыс және өрт қаупінің алдын-алу жөніндегі инженерлік-техникалық шаралар;

- жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары мен еңбек жағдайын қорғауды есепке ала отырып, құрылысты ұйымдастыру бойынша жалпы мәліметтер, санитарлық-эпидемиологиялық шаралар;

- атмосфераға және су көздеріне тасталған зиянды заттектердің шығарылу құрамы және саны туралы ақпараттар есепке алынған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәліметтер және қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы және тасталуын жою (қысқарту) бойынша техникалық шешімдер;

- жобаны әзірлеу нәтижесінде алынған техникалық-экономикалық көрсеткіштер, оларды бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінің көрсеткіштерімен салыстыру немесе объектінің құрылысына құйылған инвестициялардың негіздемесі.

10.2.2 Сметалық құжаттама мемлекеттік нормативтерде келтірілетін ережелер және нысандарға сәйкес жасалады.

Жұмыс жобасы сатысында әзірленген сметалық құжаттама мыналардан:

- сметалық-нормативтік базаның қолданылымында баяндалатын ақпараттар;

аталған құрылысқа қолданылатын сметалық нормативтік базаны, осы құрылысты айқындайтын бағалар деңгейі және басқа да мәліметтер келтірілген түсініктемелік жазбадан;

- шығындар мәліметінен (қажет болған жағдайда);

- жиынтық сметалық есеп және құрылыс құнының сметалық есебінен;

- объектілік және жергілікті сметаларынан;

- жергілікті сметалар ресурстарының ведомосынан құралуы қажет.

10.2.3 Әр бөлім бойынша осы құрылыс нормасының алдыңғы (9.6) бөліміндегі жұмыс құжаттамасының құрамы мен мазмұнына сай келетін және ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес орындалған жұмыс сызбанұсқалары әзірленуі тиіс.

10.3 Желілі құрылыстарды салу жұмыс жобасының құрамы ведомстволық нормативтік құжаттармен белгіленеді және осы құрылыс нормасының 9.4-бөліміндегі сәйкестендірілген талаптардың негізгі ережелерін қамтуы қажет.

10.4 Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер құрылысының жұмыс жобасы төмендегі бөлімдерден тұрады:

- жұмыс жобасының төлқұжаты (10.4.1);

- жұмыс жобасының энергетикалық төлқұжаты (10.4.2);

- осы құрылыс нормасының 9.5-тармағының қажетті бөлімдері енген жалпы түсініктемелік жазбахат (10.4.3);

- сметалық құжаттама (10.4.4);

- құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары (10.4.5).

10.4.1 Жоба төлқұжаты құрылыс мақсатына байланысты қысқаша сипаттамасы мен жобаланатын объектінің ерекшелігіне және оның негізгі параметрлері, сипатталымы және техникалық-экономикалық көрсеткіштері көрсетіліп, жобаланатын объекті жөніндегі ақпаратты жалпы қорытындылау нысанында құрастырылады.

10.4.2 Жобаның энергетикалық паспорты техникалық регламенттер мен қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталған объектілердің энергетикалық сипаттамалары туралы ақпарат түрінде, оның ішінде энергияны үнемдеу және энергияны тұтыну жөніндегі деректерден, сондай-ақ ғимараттардың қоршау құрылымдардың жылуды қорғауы бойынша есептерден тұрады.

10.4.3 Жалпы түсініктемелік жазбахат жұмыс жобасының бөлімдері бойынша мәліметтер және түсініктемелер береді, соның ішінде:

- жобаны әзірлеуге негіздеме және жобалауға арналған бастапқы деректер;

- құрылыс алаңын таңдау негіздемесі туралы мәліметтер, соның ішінде құрылысқа ұсынылып отырған жер телімінің сипаттамасы, оның орналасқан жері, мөлшері, қазіргі жағдайы және пайдалануы, аумақтың жағдайы туралы экологиялық деректер, көліктік және инженерлік-құрылыстық жағдайлары, сол жер ақылы өтетін инженерлік коммуникациялар және оның бойы немесе маңайындағы аумақтан өтетін жол өтпелері, ғимараттардың және құрылыстардың орнын ауыстыру және бұзу бойынша талаптар, құрылыс ережелері;

- инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлар жөніндегі мәліметтер, бас жоспар және абаттандыру туралы өзге де шешімдер;

- сәулеттік-жоспарлау тапсырмасында және техникалық шарттарында белгіленген сәулеттік-жоспарлау шешімдерінің қысқаша сипаттамасы және оның сәйкестілігі, мүгедектердің және елді мекеннің өзге де мүмкіншілігі шектеулі топтарының тіршілік ету жағдайын қамтамасыз ету шаралары және қоршау конструкцияларының жылуды сақтау қасиеттері бойынша шешімдердің негіздемесі, сондай-ақ азаматтық ғимараттар үшін жұмыскерлердің тұрмыстық, санитарлық қызмет орнындағы өндірістік шу мен дірілді азайту жөніндегі түбегейлі шешімдерінің негіздемесі;

- құрылыс шешімдерінің негіздемесі және құрылыс конструкцияларының қысқаша сипаттамасы (ғимараттар мен құрылыстардың құрылғылық схемалары, іргетастар, қоршау конструкциялары, ғимараттың жабыны мен төсемі, құрылыстардың конструкциялары және т. б.);

- құрылыс конструкциялары, желілері мен құрылыстарды тоттанудан сақтау шаралары;

- инженерлік құрал-жабдықтар, желілер және жүйелер бойынша шешімдер, жылыту, желдету, ауаны сәйкестендіру, газбен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, арналық кәріз, электр жабдықтары, электрмен жарықтандыру, найзағайдан қорғау, күзеттік және өртке қарсы дабыл қағу, бақылау қондырғысын, шығындардың есебі мен реттеуді қосқанда суды, отынды және электр энергиясын пайдалану жөніндегі бақылау шаралары, сондай-ақ диспетчерлендіру, автоматтандыру және инженерлік жүйелерді басқару жайындағы қолайлы еңбек жағдайын туғызу үшін байланыс пен сигнал беру, теледидар жүргізу және радиоландыру, жабдыктандыру бойынша шешімдер, өртке қарсы жобалау шешімдері және инженерлік желілер мен жабдықтарды кезбе токтардан қорғау бойынша іс-шаралар;

- еңбек қауіпсіздігі және жұмыскерлердің еңбек жағдайы мен сақтығын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, құрылысты ұйымдастыру бойынша жалпы мәліметтер, санитарлық-эпидемиологиялық шаралар;

- жұмыс жобасын әзірлеудің нәтижесінде алынған техникалық-экономикалық

ҚР ҚН 1.02-03-2011

көрсеткіштер, оларды бекітілген техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен салыстыру немесе объект құрылысына құйылатын инвестициялардың негіздемесі енеді.

10.4.4 Сметалық құжаттама осы құрылыс нормасының жоғарғы жағында 10.2.2-бөлімде көрсетілген құрамдағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-әдістемелік құжаттарында келтірілген ережелеріне және нысандарына сәйкес құрастырылады.

10.4.5 Құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары ҚЖҚЖ (10.2.3) мемлекеттік нормативтері және стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

11 Құрылыс мерзімі үш жылдан асатын техникалық күрделі объектілерді жобалау мен іске асырудың ерекше тәртібі

11.1 Белгіленген тәртіпте техникалық күрделі объектілер санатына жатқызылған объектілерді салу кезінде жоба алдыңғы құжаттама (ТЭН) мен жобалау құжаттамасын екі сатыда (Ж және ЖК) әзірлеу ескерілуі қажет.

11.2 Болжалды құрылыс мерзімі 3 жылдан асатын (36 ай) техникалық күрделі объектілер құрылысына жоба алдыңғы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде объекті құрылысын іске асырудың жалпы кезеңі 3 жыл көлемінде жекеленген кезеңдерге бөлінеді.

11.3 ТЭН жалпы объект бойынша, жеке элементтерді белгілеу арқылы әзірленеді, жоба бір немесе бірнеше іске қосылатын кешендердің бөлігінен құралуы мүмкін немесе құрылыс кезегі болып табылатын әр кезеңге жеке әзірленеді.

11.4 Инвестициялық шығындарға негіздеме беретін ТЭН бөліміндегі құрылыстың нормативтік ұзақтығына қарай, көлемді жобаның іске асыру кезеңдері бойынша бөле отырып, құрылыс салу мен қаржыландыру жоспары құрастырылады.

3 жылдық бюджеттік кезеңде және одан кейінгі құрылыстың сметалық құнының өзгеруі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен бекітілген айлық есептік көрсеткіштерінің өзгеру индексіне сәйкес қайта есептеудің жоспарлы коэффициентін қолдану арқылы есептеледі. Айлық есептік көрсеткіштердің көлемі туралы ақпараттар жоқ болған жағдайда, сметалық құнның өзгеруі соңғы жылдың белгіленген мәніндегі болжалды шамада есептеледі.

Құрылыстың болашақ кезеңдерінің құны құрылыстың әрбір кезеңіндегі жұмыстар көлемінің бастапқы құнын индекстеу жолымен анықталады және осы есептеулер негізінде объекті құрылысының барлық кезеңіндегі болжамдық құны белгіленеді.

11.5 Құрылыс мерзімі 5 жылдан астам, жылулық қуаттылығы 300 Гкал/сағаттан кем емес немесе электрлік қуаттылығы 200 МВт-тан кем емес, техникалық күрделі және технологиялық тұрғыдан бір-бірімен байланысты (кезеңдер бойынша іске асырылатын) жылу энергетикалық кешеннің объектілері үшін дайындалатын жоба алдындағы (техникалық-экономикалық негіздемелер) және жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама құрылыстың құрамдық (жиынтық) сметалық есебінде құрылыс құнының сметалық есебінің 10% шамасындағы тапсырыс берушінің иелігінде қалатын қаражат қорын қарастыруы керек.

11.6 Құрылыс мерзімі 5 жылдан астам, жылулық қуаттылығы 300 Гкал/сағаттан кем емес немесе электрлік қуаттылығы 200 МВт-тан кем емес, техникалық күрделі және технологиялық тұрғыдан бір-бірімен байланысты (кезеңдер бойынша іске асырылатын) жылу энергетикалық кешеннің объектілерін салудың сметалық есебінің 10% мөлшерінде тапсырыс берушінің иелігінде қалатын қаражат қорын пайдалану тәртібі өнеркәсіп саясаты саласындағы уәкілетті органның келісімімен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органмен анықталады.

12 Жобалық құжаттаманың құрамына кірмейтін құжаттама (ілеспелі деректер)

12.1 Егер де Келісімде арнайы жағдайлар алдын-ала келісілмесе, тапсырыс берушіге ұсынылатын жобалық құжаттаманың құрамына (жобалаудың сатылығынан тәуелсіз) жобалық құжаттаманың жобалау шешімдері бойынша орындалған есептер енгізілмейді.

12.2 ҚЖҚЖ стандарттарына сәйкес рәсімделген, 12.1-тармағында көрсетілген құжаттама жобалау ұйымында (бас жобалаушыда) сақталады және тапсырыс берушінің талабымен, мемлекеттік бақылау органдарына, мемлекеттік сараптамаға немесе сараптамалы жұмыстары нарығының субъектілері ретінде сараптаманы іске асырған өзге де тұлғаларға беріледі.

12.3 Мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтер жұмыс құжаттамасының құрамына енгізілмейді, және Келісімде қарастырылған жағдайда, ол тапсырыс берушіге тапсырылуы мүмкін.

12.4 Бөлек келісім бойынша, байланыстыру тораптарының жұмыс сызбалары мен металл конструкцияларының егжей-тегжейлі сызбалары (МБК), технологиялық құбырлардың, стандартты емес (типтік емес) құрылыстары, конструкциялары, элементтері, технологиялық, энергетикалық және басқа да жабдықтар құрылғыларының сызбалары және объектілер құрылысындағы жұмыс құжаттамасына жататын және онымен байланысты коммуникациялар, қондырғылар, құрылғылар әзірленеді.

А қосымшасы
(міндетті)

**Осы нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар
(терминдер, анықтамалар)**

Осы қосымшадағы негізгі ұғымдар (терминдер, анықтамалар) қызмет ету аясына байланысты құрылысқа арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларды әзірлеу, келісу және бекіту үшін келтірілген.

Авторлық қадағалау –

Бұл автордың:

- сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасының (құрылыс құжаттамасының) әзірленуіне;

- сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторын (авторларын) қоса алғанда, әзірлеушілер жүзеге асыратын құрылыс жобасының орындалуына бақылау жүргізуді іске асыру жөніндегі құқықтылығы.

Авторлық қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сәулеттік-жоспарлау тапсырмасы – объектінің мақсатына, негізгі өлшемдеріне және оны нақты жер теліміне (алаңға, трассаға) орналастыруға қойылатын талаптар кешені, сондай-ақ осы елді мекен үшін қала құрылысының регламенттеріне сәйкес белгіленетін, жобалау мен құрылысқа қойылатын міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер. Бұл ретте, түсі жөніндегі шешім мен ғимараттардың (құрылыстардың) қасбеттерін әрлеу материалдарын пайдалану, көлемдік-кеңістіктік шешім бойынша талаптар белгілеуге жол берілмейді.

Сәулеттік-жоспарлау тапсырмасы тапсырыс берушіге жергілікті сәулет және қала құрылысы органымен құрастырылады және беріледі.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – бюджеттік бағдарламаны жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және оның жетістікке жетуіне жауапты мемлекеттік орган.

Бюджеттік инвестициялар – мемлекеттік активтердің құнын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және жоғарлату, бюджет көзінен қос қаржыландыру шарттарындағы бюджеттік инвестициялық, концессиялық жобаларды іске асыру арқылы мемлекеттік активтерді құруға бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттің қаржыландырулары.

Бюджеттік инвестициялық жоба – аяқталған сипатқа ие, белгілі бір уақыт аралығында бюджеттік қаражаттың есебінен іске асырылатын жаңа объектілерді құруға, қолданыстағыларын қайта құруға арналған іс-шаралардың жиынтығы.

Елді мекеннің бас жоспары – аймақтарға бөлуді, оның аумағының жоспарлы құрылымы мен қызметтік ұйымдастыруды, көлік және инженерлік коммуникацияларды, көгалдандыру мен абаттандыру жүйелерін белгілейтін, қаланы, кентті, ауылды (селоны) немесе басқа да қонысты дамыту мен салуды кешенді жоспарлайтын қала құрылысының жобасы.

Объектінің бас жоспары – құрылыс объектісі (ғимарат, құрылыс, кешен) жобасының оның аумаққа (жер теліміне) орналастыру, көлік коммуникацияларын, инженерлік желілерді төсеу(жүргізу), жер телімін инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, шаруашылық қызметін көрсетуді ұйымдастыру мәселелерін және жобаланып отырған объектінің орналасатын жеріне байланысты өзге де іс-шаралардың кешенді шешімі мәселелерін қамтитын бөлігі.

Бас жобалаушы – тапсырыс берушімен келісім бойынша жобалау (жобалау-ізвестіру) жұмыстарын орындауды ұйымдастыратын және толығымен жобалау (жобалау-сметалық)

құжаттамасын әзірлеуде жинақталымы мен сапасына жауап беретін, экономикалық әсерін, тиісінше техникалық деңгейін және жобаланатын объектілердің жабдықталғандығын қамтитын, олардың пайдаланымының нормативтік мерзімі ішінде тұрақты қалыптасуына жауапты жеке немесе заңды тұлға. Бұл ретте, бас жобалаушы жобаның (көлемдік-жоспарлау, сәулеттік-құрылыс және/немесе технологиялық бөлімдері) негізгі (базалық) бөлігін өз еркімен орындап, жобалау (жобалау-іздістіру) жұмыстарының мемлекеттік сатып алулар саласы заңнамасында қарастырылмаған жағдайда, жобалау (жобалау-іздістіру) жұмыстарының қалған бөліктерін, барлық көлемінің құнының үштен екі бөлігінен аспайтын көлемін қосалқы мердігерге табыстауына болады.

Мемлекеттік инвестициялар – мемлекеттің елдің экономикалық және ұйымдастырушылық дамуына әсер ететін ақшалай қаражаты, жарна қағаздары және басқа да құнды қағаздары, құрал-жабдықтары мен технологиялары, зияткерлік меншіктері, басқа да мүліктері және мүліктік құқықтарының салымдары. Мемлекеттік инвестицияларға Қазақстан Республикасы ұсынылатын немесе Қазақстан Республикасының кепілдігінде болатын жергілікті және республикалық қорлардың, арнайы мемлекеттік қорлардың, банктік несиелердің мемлекеттік қаражаты, мемлекеттік валюталық қаражаты мен инвестициялық несиелері, сондай-ақ мемлекеттік меншік үлесінде қарастырылатын қызметтерді ұсынып, шығарылатын өнімнің көлеміндегі мемлекеттік кәсіпорындар және ұйымдар қаражаты жатқызылады.

Мемлекеттік нормативтер (сондай-ақ «мемлекетаралық нормативтерді» қараңыз) – адамның мекендеуі мен тіршілік етуіне қолайлы, қауіпсіз және басқа да қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер, нормативтік-техникалық құжаттар, өзге де міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер жүйесі.

Мемлекеттік тапсырыс беруші (сондай-ақ «тапсырыс берушіні» қараңыз) – жобалау және құрылыс салу үшін қажетті инвестициялық ресурстарға иелік ететін мемлекеттік орган немесе сәйкес мемлекеттік орган осындай ресурстарды басқаруға құқық берген заңды немесе басқа тұлға.

Жобалардың мемлекеттік сараптамасы (сондай-ақ «жобаларды сараптауды» қараңыз) – жобаларды (жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттамасын) кешенді бағалаудың міндетті нысаны, ол міндеттерін қайталауға жол берілмейтін бірыңғай мемлекеттік жүйе болып табылады. Жобалардың мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі қандай да бір өзге қызметті жүзеге асыру құқығынсыз уәкілеттік берген заңды тұлға жүзеге асырады.

Қала құрылыстық жобалар (қала құрылыстық құжаттамасы) – аумақтар мен елді мекендері немесе олардың бөліктерін ұйымдастыруды, дамыту мен салуды кешенді қала құрылысын жоспарлау жөніндегі түпкі ойдан (Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас сұлбасы, аумақты дамытудың аймақаралық сұлбалары, аумақтарды қала құрылысына жоспарлаудың кешенді сұлбалары, елді мекендердің бас жоспарлары, нақты жоспарлау жобалары, құрылыс салу жобалары, объектілер мен кешендердің бас жоспарлары, абаттандыру және көгалдандыру жобалары, өзге де жоспарлау жобаларынан) тұратын жобалары.

Жобалау жұмыстарын орындауға арналған мердігерлік келісім (келісімшарт) – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін анықтайтын тапсырыс беруші және мердігер (орындаушы, бас жобалаушы) арасында жасасқан екі және одан да көп тараптардың өзара міндеттемелері туралы жазбаша келісімі және ол бойынша мердігер тапсырыс берушінің тапсырмасымен (жобалау тапсырмасына сәйкес) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуге және оны тапсырыс берушіге табыстауға, ал тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың нәтижесін қабылдап, төлемін өтеуге міндеттенеді.

Мемлекеттік сатып алу саласына жататын жобалау жұмыстарын орындаудың мердігерлік шарты Қазақстан Республикасындағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес құрастырылады.

